Студент сөздігі мен тарихнамасы

Студенттік өмір – соғыс пен бейбітшілік
Екілік – қырсызға қамшы
Үштік – үміт шоғы
Төрттік – тәңір сыйы
Бестік – бақыт құсы
Куратор – студенттің өгей шешесі
Ректор – күн құдайы
Декан – жан құзыры
Пар – ұзақ уақыт қаңтарылу
Аудитория – ұйықтайтын орын
Зачет – ұйықтамай өтілетін түн
Емтиханда отырған студент – жанталаса қаруланған мемлекет
Емтихан тапсыру – табада тірідей шыжғырылу
Сессия – қияметтің қыл көпірі немесе қатерлі кезең
Курстық жұмыс – жан беріп, жан алмасу
Сәлемдеме – аңқылдап жеткен ақ жарма
Шпаргалка – жедел жәрдем
Оқу орны – жастардың сән үйі
Лекция – отты жылдар шежіресі
Үзіліс – бармысың бауырым, іздеудегі жан құрбым
Кітапхана – білім кафесі
Оқу залы – тапқаныңды кеміру
Абонемент – білім бюросы, немесе ломбард
Қоңырау – сүйкімді симфония
Сокурсник – ұяластар
Стипендия – аштық арашасы
Диплом – тіршілік тірегі немесе өмірлік наның!

СТУДЕНТКЕ

Бес жыл бойы қызартып имендіріп,
Біреуі үшін қуанып, күйген бірі.
Бірін-бірі ұзатып өз қолынан
Бірін-бірі қолынан үйлендіріп.

О жастық-ай.
Алмайтұғын өлмей тыным,
Ойын-тойсыз өмірге көнбейтұғын.
Биге барса баратын бір топ болып
Жалғыз жүру дегенді білмейтұғын.

О, жастық-ай!
Мойымас тау-тасыңа.
Омыртқаңды үзеді ол, дау тасыма.
Ортақ оның қайғысы, қуанышы
Ортақ оның қалтасы, малтасы да.

Ғашық болсаң түн пана, терек пана,
Сұлу демі - дем емес, шарапхана!
Қызға барсаң кигенің өзгенікі
Өзіңдікі жалғыз-ақ жүрек қана.

Өмір, өмір,
деп жастық ұрандай ма?
Көкіректі кернейді бір ән майда.
Бір жігітке он қонақ мейрам күні
Он жігітке бір билет трамвайда.

Алматымыз - жастықтың бағы іспетті,
Қаншама гүл сол баққа қоныс тепті.
Бір жігіттің ойында он арманнан
Он жігітке жалғыз-ақ конспект.

Таусса да ақыры нандық пұлды,
Тартпай қойған серілік-салдық кімді.
Түніменен дуылдап, келесі күн
Отырғаны сабақта қалғып-мүлгіп.

Керемет қой,
қызық қой сезім деген,
Көктемеде кім үйден безінбеген.
Он ай бойы масайрап ойнағандар
Емтиханда отыз күн көз ілмеген.

Лайланып кетсе-дағы тұнық ойы,
Қыдыруға болмайды мұны қойып.
Баррикада жасап ап қалың томнан
Бас алмайды енді олар күні бойы.

Шақырады қол бұлғап тау алыстан,
Шырқап кеткің келеді жалау ұстап.
Өстіп жүріп бітеді емтихан да
Өстіп жүріп болады демалыс та.

Сонан кейін әлгіні ащысынбай,
Жұтып-жұтып жіберіп тұщы судай.
Туған жерге ұзатып тұрғандары
Бірін-бірі бір елдің басшысындай.

СЕН ЖЫЛАДЫҢ...

(Мұхтар ізімен).

Сен жыладың студент,
Көп оқыдым деп, лексияның барлығын.
Қонбады деп, миыма ешбір сабағың,
Сен жыладың, бір қатты соққы алдым деп.
Бақытсыз болып қалдым деп,
Жә-жә жарар!
Өткен лекцияң оралар ма?!
Қарау керек студент саған алға,
Қолыңдағы пакет пе, әлде портфель ме?!
Көтер қане, қолыңды қалай бұның,
Мұз боп еріп кеткен бе бар білімің?
Көтер қане, қолыңды,
Уақытыңды босқа өткізіп пе едің?
Тағдырың неге сыр айтты сараң,
Оқудың барлық сәтсіздіктерін,
Бақытсыздық деп кім айтты саған?
Кім айтты саған?!
Бестік қойылмайды деп,
Екілік жойылмайды деп.
Қате жазған лекцияң,
Штрихпен түзелмейді деп.
Кім айтты саған?!
Мұғалімнің бәрі мейірбан арайлы деп,
Мұғалімнің бәрі өтірікті қалайды деп.
Оқудан шығармайды,
Асылды қорлатпайды деп.
Қиналып бекер алаңдадың-ау,
Ойыңды шығар өріске.
Өзің-ақ, айтшы.
Оқуда мына, жеңілудің бәрі жеңіс пе?!
Студентке арман жеткізіп пе еді,
Өз сорын өзі жеңбесе.
Оқудың барлық сәтсіздіктері,
Бақытсыздық емес ендеше.

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 09.08.2000 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі 1435 - Г куәлігі берілген.
Индексі 090000
Таралымы 500

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР:
СРАЛИЕВА Мейрамгүл, БИЯШЕВА Гүлсезім.

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА С.А.
ОПРЯ О.В.

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕЛОВ Рафхат

Сарайшық көшесі, 34, e-mail: IC_SMI@wksu.kz, тел. 50-76-52

Бетті дайындаған Г.Бияшева.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

ӨРКЕН

№ 8 (857) қараша 2010 жыл

Студенттік өмір - шапағатты АҚ АРМАН!

«Естіледі бүгін назды асыл ән,
Ешбір жан жоқ ойға түсіп жасыған.
Қиналса да, қабақ шыту білмеген,
Студенттер қуанышы тасыған.

Жаса жарқын, жас білімгер ендеше.
Сендер үшін бүгінгі күн мереке,
Бәрі-бәрі саған ғана жарасар.
Ойын-сауық, әзіл-қалжың келеке,

Өтер қыс та, өтер көктем, өтер күз,
Бір кездері тарап-тарап кетерміз.
Қанша алыс, қиыр шетте жүрсек те,
Сағынысып, еске алысар ма екенбіз.

Қуаныңдар, жасымаңдар бұл күнде.
Жоқ қой сенен бақытты жан өмірде.
Шаттық жолы студенттік күндер-ай,
Әрбір бұл күн, ыстық біздің жүректе»,- демекші студенттік өмір жұмбақ тылсым оқиғаға толы думанды өмір. Жыл сайын жаңарып, жасарғандар. Өмірлік нан табу бағытында еңбектенуші қауым. «Ол - құмырсқадан да еңбекқор,бірақ еңбегі медаль-орденмен бағаланбайтын бейбақ.

Ол - қиындыққа белшесінен батып жүрсе де, ақжарқын,бүкіл әлемді өзінше сүйетін үлкен жүректі «данышпан»» дейді ф.ғ.к., университетіміздің белді маманы Серікқали Шарабасов. Студенттік өмірдің есте қалар оқиғалары бірінші курстан бастау алмақ. Бірінші курс – ауылды, ата-ананы қимас кезең. Сонымен қоса, студент қатарына қабылданып, болашақта өз ісінің маманы болатын жандар. Студенттердің ең қуанышты сәттерінің бірі – студенттік билет алатын күн. Студенттік билет нағыз студент екенін дәлелдейтін баға жетпес құнды қағаз шығар. Осындай қуанышты күндерді биылғы табалдырық аттаған студенттеріміз де басынан өткізді. Жастар мәдениет сарайында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің барлық факультет студенттері студенттік билет алып, ант қабылдады, яғни «Студенттік қатарға қабылдау кеші» болып өтті. «Егер бір жылдығыңды ойласаң – бидай ек, жүз жылдығыңды ойласаң – ағаш өсір. Ал егер ұрпағыңның болашағын қамдасаң – Адам тәрбиеле!» деген халық даналығын негізге алған университет ректоры Тұяқбай Рысбеков алғы сөз айтып, «Студенттерге оқуда озат болып, саналы ойларымен сапалы білім алуын» тіледі. Студенттік өзін-өзі басқару бөлімінің жастары бірінші курс студенттеріне өз тілектерін білдірді.

Киелі білім ордасы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында қазақ әдебиетінің майталмандары М.Жолдасбеков, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсыновалармен кездесу кеші өтті.

Қазақ әдебиетінің алыптары

Кешті «Асылы жер бетінде университет секілді қасиетті орындар сирек кездеседі», деген З.Қабдоловтың сөзімен ашқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, профессор Т.З.Рысбеков М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің кешегісі мен бүгіні жайында сөз қылып, тәжірибесі мол университет қабырғасынан қанат қаққан, еліміз үшін елеулі еңбек етіп жүрген абыройлы азаматтарды атап, арнайы кешті салтанатты жүргізді.

Қазақтың тамырлы тарихы да, талай тәлкекке түскен тағдыры да, ұлтымыздың болмыс-бітімі мен асыл мұраттары толықтай төл әдебиетіміздің бойында. Бүгінгі таңдағы әдебиет пішін ерекшелігімен, тапқыр еркіндігімен ерекше. Әдебиеттің өсуі, өнуі елдің егемендік алуымен тікелей байланысты. Сондықтан да қазіргі әдебиет өкілдері жаңа бағытта, соны соқпақтарға қол соза алады.

Кездесу кешінің қонақтары қазақ әдебиетінің аспанына жарқ етіп шыққан сөз өнерінің шеберлері филология ғылымдарының докторы, профессор М.Ж.Жолдасбеков, Қазақстанның Халық жазушысы Ә.К.Кекілбаев, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ поэзиясының падишасы Ф.О.Оңғарсынова көзі қарақты көрермен қауымға рухани дем берді. Сонымен қатар, Ә.Кекілбаевтың жұбайы, ақылдылығы мен сұлулығы ұштасқан өмірлік серігі Клара Жұмабайқызы, жыр-жүрек Фариза ақынның сіңлісі Алмагүл Оңғарсынқызы, ақын Шырынбек Қойлыбай және облыс әкімі Б.Ізмұхамбетов пен Ақжайықтың Ақ шағаласы Ақұштап Бақтыгереева да залдан табылды. Кеш барысында М.Жолдасбеков шығармасы жайында «Ғылымдағы ғұмыр» баяндамасымен ф.ғ.к., оқытушы Р.Сұлтанғалиева, профессор С.Шарабасов«Көркемсөздің хас шебері» баяндамасымен Ә.Кекілбаев шығармашылығының тілін, шешендігін сөз қылды, Фариза ақын шығармашылығы жайында ф.ғ.к. З.Мүтиев «Лирикадағы Фариза әлемі» баяндамасын оқып, ақынға «Ф.Оңғарсынова лирикасы» атты оқулықты сыйға тартты. Мәдениет және өнер институтының оқытушылары мен студенттері М.Жолдасбековтың сөзі мен әніне жазылған «Дүние шіркін» әнін, Ә.Кекілбаевтың шығармашылығынан «Арман-арғымақ» әнін, Ф.Оңғарсынованың сөзіне жазылған «Қыз ғұмыр» әндерін орындап, өлең шумақтары мен күмбір күйлерін тарту етті.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің соны көкжиегін зерттеп, зерделеп жүрген ***ҚР мемлекеттік «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, ҚР Президенттік мәдениет орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор М.Ж.Жолдасбеков:*** «Армысыздар, ағайын! Қазақстанның жоғарғы білім саласындағы шаңырағының төріне шығу, сый-құрметке ие болу – біз үшін үлкен мәртебе.Мен де бас-аяғы 20 жыл ректор болдым, өмірлік мұратым – білім беру, шәкірт тәрбиелеу. Аты әлемге әйгілі М.Әуезов, Е.Исмаилов, Т.Нұрғазин, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Б.Кенжебаев, М.Балақаев, З.Қабдолов - әрқайсысы жеке университет, жеке академия. Осындай ұлы ғұламалардың алдынан дәріс алу арман болатын. Аллаға тәуба, халықаралық дәрежесі мен беделі жоғары университеттер баршылық. Сапалы маман даярлау – университеттің жетістігі. Көп жылдар басшылық қызметтер атқарсам да руханият саласынан кеткен жоқпын. Отбасыма келер болсам, Жайыққа күйеу екенімді айттым, Атыраудың қызымен отасқанымызға биыл елу жыл толды, аты – Мәрия, қазіргі таңда немере-шөбере сүйіп отырған жайымыз бар. Халқымыз «немере - тәтті» дейтін, бірақ шөбере одан да тәтті екен. Әлихан, Елхан атты шөберелерім - өмірімнің жалғасы. Ата-тегі - Сырымнан, руы – байбақты. Қазаққа құдалық жарасады ғой, Қадыр Мырза Әлі екеуіміз құда деп амандасамыз. Әбіш пен Фариза секілді екі ұлы қайраткердің шашбауын көтеріп келіп отырмын. Ақтауда өткен үлкен бір жиында Әбішке 363-ші әулие деп баға берген болатынмын. Атақты адамдар жоқ емес, бар, бірақ Әбіштің ерекшелігі – даналығы, сағынса да сарғаймасын деп М.Әуезовтен кейін Әбішті берген. Ол - аспандағы айымыз, көктегі күніміз. Біз осындай мақтаныштарымызды аялауымыз керек. Мен ағалар туралы, Әбіш туралы жазудан да, айтудан да шаршамаймын, қазіргі уақытта «Асыл ағаларым-ай» деген эссе жазудамын.

Ал, Фаризаға келсек, ол өте қайсарлы, қажыр-қайратқа ие. Ақын қызға Алла мейірімді жүрек берген. Табиғат берген сыйы – ақындығы, ол - өмірде де, өнерде де жалғыз. Біріншіден, ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын өзіндік мәнері бар ақын болса, екіншіден, қазақ қыздарының мұңшысы.

Мен жастарға жазыңдар деп ақыл-кеңес беремін, күнделігімде «Шырағым, сен күнделік жүргізесің бе, жүргізсең қазірден бастап жүргіз, себебі, ол – сенің өмірің»,- деп жазғаным бар. Осыны жадыларыңызда ұстаңыздар. Университет күннен-күнге көркейіп, атақ-дәрежесі өсе берсін! Осы білім ордасында білім алған мамандар үлкен қайраткер, еліне қорған, халықтың қамқоршысы болсын!»,-деп лебізін білдірді.

Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Президентінің «Бейбітшілік және Рухани келісім» сыйлығының иегері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚР Еңбек ері Ә.К.Кекілбаев: «Құрметті оралдықтар, сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Мырзатай ағамыз айтқандай, Орал – Қазақстанның рухани астанасы, осы – дәл айтылған сөз деймін. Алғашқы ең жоғарғы мектеп осы Орал қаласында ашылған. Орал педагогикалық институты - Қазақстандағы ЖОО-ның көшбасшысы, тұңғышы. Қаракөз қазақ балалары тәлім алған бұл университеттің абыройы асқақтап тұр. Орта Азия, Шығыс Еуропаға еңбегі сіңген, Қазақстан тарихында із қалдырған қазақтың бірегей ғалымдары Махмудов, Еркеғұлов, Тайманов отырған қара шаңырақ – киелі білім ордасы. Қазақ ғылымында есімдері алтын әріппен жазылған осы ғалымдар Қазақстанның бір-бір ғылым мектебінің басшысы болған. Таймановтан асқан дана жоқ, ол – теңдесі жоқ академик. Талай үлкен ғұламалар да араларыңызда отыр. Солар білім алған университетке келу - мен үшін қуаныш. Үлкен алғысымызды білдіреміз. Жер бетінде әділдік орнауы тиіс, ол үшін тынымсыз оқу мен адал еңбек керек. Сол үшін еңбектеніңдер дегім келеді», деп жиылған қауымға кемел ой тастады.

Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Ф.О.Оңғарсынова: «Аса қымбатты бауырлар, айналайындар! Өзім Атырауда туып-өсіп, Атыраудың педагогикалық институтын тәмамдадым. Біз де студент болғанбыз. Студент деген – ерекше, арманшыл қауым. Студент деген – мұрат-мақсаттарға жетем деп ұмтылатын қауым. Сондықтан, оқыңдар, еңбектеніңдер! «Қыздарын қадірлеген ел ең әдемі мемлекет болады»-дейді. Мәдениетті ұлтпыз ғой, қыздарды қадірлейік, жігіттер. Олар – келешек жар, болашақ ана, сондықтан қыздарды ардақтайық.

Әңгімемді қысқа қайырсам, университетке үлкен жетістік тілеп, білімді студент пен білгір мамандар саны арта берсін деймін. Шәкірт қадірін білетін ұстаз болу - ол да дәреже! Әкімшілік, халық бәрі қадірлеп, қошеметтеп жатыр, барлығыңызға рахмет айтамын, жақсылық тілеймін»,- деген ұлағатты сөздері жастарды рухани қанаттандырып тастады.

Ақындарын қадірлеген халықпыз ғой, белгілі тұлғаларға әрдайым құрмет көрсетіп, олардың алдында бас ию - жас ұрпақтың міндеті. 12 қараша күнгі М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен ел ағасы Әбіш Кекілбаев пен ақын Фариза Оңғарсыноваға «Құрметті профессор» атағы беріліп, қадірлі қонақтардың иығына шапан жабылды және студенттер атынан арнайы сыйлықтар табыс етілді. Рухани кеш көрермен көңіліне қуаныш, жүрегіне жылы тиер әсем әсер сыйлады.

БЕККУЖИЕВА С.А.

Студенттер, аяулы ақ армандар

Жыл сайын жасарғандар, жаңарғандар.
Қыз қуып терезеге қарағандар
Білім қуып бөлмеге қамалғандар.
Студенттер, сарылып ой қуғандар
Қарынды қанағатқа тойдырғандар
Қара нанды достарымен қақ бөліп жеп,
Күн сайын, апта сайын той қылғандар,-

деп, Мұхтар Шаханов жырлағандай студенттер қауымы, қала тұрғындарының ішіндегі ең қиын да қызықты, қорқынышты да үрейлі, думанды сәттерді, ең бір өмірдің албырт шақтарын өткеріп жүрген ерекше қауым. Оларға бәрі де қызық, бәрі де таныс. Әсіресе студенттік өмірдің алғашқы күндері мен алғашқы айлары үш ұйықтасаң да есіңнен шығара алмайтындай болып, жадыңда мәңгі жазылып сақталары анық. «Перваш» атанып, белгілі бір мамандықты арқалай сен де жаңа бір дүниенің қырын ашып, студент деген өмір баспалдағының биік белесіне көтеріліп, өзіңе жауапкершілікпен қарап, ата-анаңнан, ауылыңнан тысқары жерде өмір сүруге бейімделесің. Сөз жоқ, қиын. Бірақ амал не, оқу оқып, білім алып, маман атанып, еліңе қызмет көрсетіп, ата-анаңа жәрдем беру жазылмаған парызың, айтылмаған қағидаң.

Қалаға әкеліп, жатақханаға орналастырып, ата-анаң да қош айтысып ауылға қайтады. Ал, сен студенттер жатақханасының қуықтай бір бөлмесінен орын тапқаныңа қуанып, қол бұлғай қала бересің... Қасыңда ата-анаң, тума-туыс, бауырларың болмағанымен, мұнда да өзің сияқты, немесе өзіңнен жоғары курста оқитын студент достарың және өзіңе адал пейілмен, жылы шыраймен қарайтын мейірбан ұстаздар да табыла бастайды. Сөйтіп сен студенттік өмірге, оның өмір таусылып бітпейтін тынымсыз тіршілігіне үйреніп кеткеніңді байқамай да қаласың, бірақ өз кезегінде ол да өз алдына бір әнгіме... Әр түрлі аялдамалық адасулар, себепсіз кешігулер, мезгілсіз ұйықтап қалулар сияқты бір сәттік қым-қуыт кездер де студенттік шақтың айнымас бір бөлшегі болып табылатыны да рас.

Қазіргі таңда студенттерді мазалайтын мәселелердің бірі - жатар орын, жатақ мәселесі. Жатақханаға жатқандары жатады, ал жатақ ала алмағандары пәтер іздеп әлек. Көп студенттер пәтер жалдап тұрып жатыр. Пәтер бағасы болса күн санап көтерілуде. Ал жатақхана ала алмай, пәтер таба алмай әуре-сарсаңға түсіп жүрген байғұс студенттер қалай алаңсыз сабақ оқып, қай кезде семинар жазады. Ал сабағына әзірленбей, семинар, СРСП-ға дайындалмай келгендерді қай оқытушы басынан сипап, түсінік таныта қояр екен?..

Міне, осындай қиындықтар салдарынан ертеңгі жас маман атанғалы тұрған, бүгінгі студенттің әлеуметтік жағдайы жасалмайынша белгілі бір мамандыққа төселе қоюы неғайбыл. Осындай толып жатқан келеңсіз жайттардың бірі - университетіміздегі шағын кафе мен буфеттердегі «апайшалардың» қызмет көрсетуі. Көк таңнан ерте тұрып сабақтан шаршап шыққан студенттер түскі үзіліс кезінде университет кафесі мен буфеттерді жағалайды. Бітпейтін кезекте тұрып, ондағы «апайлардың» өмірі ашылмайтын қабақтарына қарап, не алып, не қоярын білмей бір бәліш пен толық құйылмаған кофені уһ деп ішіп шығамыз-ау! Бірақ солай жүріп-ақ олар бақытты, қуанышты! Себебі олардың өмірге деген, өмір сүруге деген құлшынысы оттай жанып, келешекке деген кіршіксіз сенімі қиын-қыстау шақтарда дем беріп, жігеріне нұр сеуіп, қанаттандырады.

Студенттік жылдардың есте қалып, жүректе сақталатын енді бір тұсы – ол әрине адал махаббат дәмін сезіп, риясыз достықтың куәгері болу. Көңілді кештер, қызықты отырыстар, ерекше туған күндер мен мерекелік күндерді жиыла атап өту де - студенттер қауымының еншісіндегі нәрсе. Осындай аласапыран сәттерді, қайталанбас қызықты күндерді, сынға айналған сессия кезеңдерін бастан өткере жүріп, төрт жылдың қалай өткенін аңғармай да қаласың, сондықтан төрт жылдың тасасына тығылған студенттік шақты бұйығы ұйқымен емес, тынымсыз тіршілікпен, тоқтаусыз думанмен, өнімді еңбекпен өткізейік!

МҰХАМБЕТЧИН Е.,
02303-топ студенті.

Вершиной стремления человеческого развития на протяжении тысячелетий было стремление обрести истину, найти ответы на вечные вопросы о своем предназначении и прожить свою жизнь в полной гармонии с собой и окружающим миром. Великие философы древности сокрыты от нас во тьме прошедших веков, но они продолжают говорить с нами через свои труды и афоризмы, которые настолько просты и в то же время наполнены многовековой мудростью, что пережили все и костры Средневековой инквизиции, и Век Просвещения, и забвение, и все революции и войны - лишь в очередной раз доказывая каждому новому поколению свою значимость.

Философский вечер

Прикоснуться к истине и представить себе как эта истина зарождалась в древности, попробовали студенты факультета истории и права, пригласив всех желающих на философский вечер, который они провели 19 ноября.

Под руководством своего преподавателя и режиссера Аманбаевой М.Р., студенты юридического и физико-математического факультетов представили зрителям музыкально-философскую композицию, о том, как три друга студента, в роли которых выступили Евгений Стульников, Артем Перепелкин и Макат Тлебаев, благодаря Фее философии (Байниязова Салтанат) отправились в прошлое. Герои композиции проследовали путями всех великих философских школ древности: от буддизма к конфуцианству, от даосизма к основателю идеалистического направления в мировой философии Платону.

Учение о четырех благородных истинах, лежащих в основе буддизма, продемонстрировали студенты второго курса, представшие перед зрителем в образе просветленного Будды (Сергей Сальников) и трех его учеников (Эльмира Ешрекова, Дамира Шондыбаева, Альфия Елемесова). Студенты-путешественники вместе со зрителями погрузились в мир Нирваны - состояние освобождения от страданий: узнали об истоках этой философии и основных правилах этой философской школы.

Понятия благородного мужа и человеколюбия, легшие в основу учения великого китайского мыслителя Конфуция, прекрасно разыграли студенты Аслан Бакытов, сыгравший роль самого Конфуция, Махамбет Нугманов, Владлена Чурпилина, Индира Ахмет, сыгравшие учеников мыслителя.

- «Не делай другим того, чего не хотел, бы испытать сам», так говорил Конфуций, и именно эту истину мы бы хотели донести до каждого, кто был сегодня на нашем вечере,- рассказывает Аслан Бакытов – ведь это очень просто и правильно, просто в современном мире люди как-то забыли об этом и поэтому запутались в отношениях друг с другом.

Философия есть музыка мысли и слова, а самой философской музыкой по праву считается музыка, льющаяся из мерцающего золотом саксофона, на котором виртуозно играл в этот вечер Виталий Пархоменко. Под эти проникновенные звуки студенты путешественники оказались в загадочной и мистической атмосфере даосской философии, представленной Айболатом Бисембаевым (Лао Цзы), Ильей Ермольчевым, Арманом Габдушевым, Ольгой Романовой, которые играли роль последователей учения о Дао – великом абсолюте гармонии и счастья.

Фундаментальное учение о душе, греческого мыслителя Платона (Эдуард Рахманкулов) оказалось, на мой взгляд, самым эффектным и по содержанию и по актерской игре. Вот что рассказывает об этом студент второго курса юридического факультета Ян Ким, игравший одного из учеников Платона (двух других учеников сыграли Самат Сугурбаев, Еркебулан Самарканов и Ермек Хабибуллин):

- Греческая философия - это очень интересно и современно, несмотря на то, что ей не одна тысяча лет, она актуальна и интересна, пусть даже в такой нетрадиционной форме своего представления, как художественная миниатюра, которую мы сегодня показали присутствующим.

С этим нельзя не согласиться, ведь вряд ли современного студента можно застать корпящим над древними фолиантами, а вот интересная композиция с хорошей музыкой, блестящей актерской игрой рассказывающая доступным языков о вечном, вполне привлечет его внимание.

И, конечно же, нельзя не упомянуть великолепные костюмы, которые для этого вечера создали студенты-дизайнеры – Нурлан Агжигитов и Михаил Лактионов, стилиста Кристину Ионову, а также танцевальный номер, который подготовили Махамбет Нугманов, Ян Ким, Ермек Хабибулин и Газиза Нугманова.

Общаясь с ребятами после вечера, меня посетила мысль о том, что было бы неплохо не просто проводить подобные встречи почаще, но и сделать из них что-то близкое к СРСП и дать возможность проявить себя студентам во всем многообразии своих талантов.

Константин РОМАНОВ.

Кешегі мен ертеңгіні жалғастырып, тағдыр төрелігін шешіп, адамға кейде қуаныш, кейде өкініш мұң алып келетін уақыттың қысқа, бірақ өте маңызды бөлігі - өмір. Яғни ұлы көшке бет алған жандардың пешенесіне жазылған Алланың сыйы. Жұмыр басты пенде өмірге тырмысып келгесін, тырмысып өмірден өтеді екен. Ұлы өмір көшінде қатардан қалмай жүруді мақсат етпей, бір қадам болса да ілгерілеп жүрсең нұр үстіне нұр секілді. Адамға ең бастысы алға мақсат қоя білу керек. Ал сол мақсатына жетерлік ең алғашқы баспалдақ ісімен өрге шығып, ақ адал еңбегімен нан таба білу. Адамзат өмір ағымына сай өз тіршілігін алға жалғастыра отырып, көп нәрсені біле бастайды екен. Адам өз өмірінің ұстасы екені хақ. Қамшының сабындай өз өмірін қалай өткіземін, не істеймін десе де өз еркі. Өмірде мәнді де, сәнді ететін ұмытылмастай есте қалатын кездердің барын ешкім жоққа шығара алмасы аян. Бірі – бала болып, ісіміз шала болып балалықпен өткізген мектепішілік өмір де, екіншісі – қиыны мен қызығы қатар жүретін, бозбала мен бойжеткен атанып ойлар біздер, яғни, жастар, студенттер болмақ.

Осы «Студент деген кім?» деген сұраққа жауап берер болсақ, қолына дәптер арқалаған, күннің жартысын оқу орнында, түнді күлкімен өткізетін білім майталманы деп білеміз. Студент болуға, керек десеңіз үлкен де, кіші де қызығады екен. Қиыны да қызықты, бозбала мен бойжеткен атанып өмірдің ең елеулі сәттерін бастан кешіретін, жалғыз жүрмей, көппен жүріп адасатын, алғашқы айларда ауыл еске түсіп көзге жас келетін, көз үйренгеннен кейін қаладан кеткісі келмей, мәңгілікке студент болып қалуды армандайтын қиялға берілетін кезең.

«Бала шақтан - болашаққа!» деп ұрандап, бір сабақты лекциямен қатар конспект, лабораторияға арнап, кейде сабаққа дайындықсыз кіріп те жататын. Алайда, «Дүниедуман» күндеріңді «Аттандық сапарға, көңілде мол арман» деп, «өмір мектебіне» қол бұлғап тұрып, жауапкершіліктің қамытын мықтап киетініңді, еркелігіңді көтере бермейтін өмірге аттанатыныңды ойланып та жатпайсың.

жылын таңсық емес дүниеге таңданумен, екінші жылын думандатып жүріп, ПГК-ға дайындалумен, үшінші жылын ПГК-дан өткеніне қуанып сайрандатып, жаңаша шабыт келтіріп, төртінші жылы үш жылдың қарымтасын қайтару үшін яғни «төрт жылда бір гүлдейтін ағаш» секілді дипломның жұмысымен жүгіріп өткізеді. Сол төрт жылда не болмайды дейсің! Бірі олимпиадалардан, конференциялардан орын алып, қалаларды аралап қуанса, бірі үйленіп - үй болып қуанып, қызығын көріп жатады.

«Студенттер-болашақ жас мамандар

Үйі жоқ деп үйленуден қашпағандар,»- деп Қадыр Мырза Әлі тегін айтпаса керек. Өзге қауым мүшелерінен ерекшелейтін сол батыл қауымның арманы мен ең қажеттілері болады екен. Соны топтастыра кетсек.

Төрт арманы:

1. Диплом алып, «крутой» жұмысқа кірісіп кетсем екен.
2. Өмірлік жарымды адаспай тапсам екен.
3. Үй алып, машина алып жағдайымды жақсартып алсам екен.

«Бала шақ пен болашақтың арасындағы өмір»

өмірдің елеулі сәттерін бастан кешіретін, жалғыз жүрмей көппен, топпен жүретін студенттік өмір. Осы жолдар арқылы шынайы тұрмыс өміріне бейімделесің. Кей сәтсіздіктерге байланысты студенттік өмір сатысын көрмей жатып үлкен өмірге араласып кетіп жатырғаны қаншама.

Әр өмір кезеңі өз қиыншылығымен ерекшеленіп отыратыны белгілі. Мектеп өміріндегі – емтихан, студенттік өмірдегі – сессия болып жалғаса бермек.

Иә, адам әрқашан да жүрек қалауымен өмір сүреді. Жүрек қалауымен маман иесі болып, жар таңдайды. Жүрек қалауымен жасалған әрекет кедергілердің бәрін жеңіп шығып отырмақ. Өмірде қателеспеу керек болып табылатын мамандық таңдауда өз жүрегіңнің түбіне терең бойлап, табиғаттың саған берген таланты мен дарынына назар аударуың тиіс. Біздің бүгінгі таңдаған мамандығымыз елдің ертеңі үшін қызмет ететіні аян. Болашақта үміт күттіріп, елдің ертеңін

Негізі студент деген жасық халық, артық еш нәрсемен шаруасы жоқ. Олар да басқа халық секілді өте сенгіш. «Бірінші сендірушілері» мұғалімдер. Жалтақтап жан-жағына қараған жандарға әр сөзі бұлжытпай орындалуға тиіс. “Екінші сендірушілері” - декан. Оның айтқанының бәрі өсиет, жазғанының бәрі заң. “Декан айтты!”- деген сөз тіркесі кейбіреулерінің арасында ұранға айналып та үлгерген. Атам қазақтың “Абылайлап” жауға шапқаны көздеріңе елестеп отырған болар, оларда басқаша. Инабатты болғанда масқара ым-жыммен сөйлесудің қыр-сырын жетік меңгерген, бір қатты дауыс көтермейді. “Пайғамбарлары” - Староста. Бар құжаттары осы адамда. Бар жамағат атынан барлық операцияларды жүзеге асыруға хұқылы адам. «Пайғамбарлары» жақсы дипломат болып келеді. Сонымен қоса, «Тәңірлердің» бұйрығына бағынса да, «Тәңірлердің» сөзін сөйлесе де, ең бірінші қатаң сөгіске де ұшырайтын жандар. Студенттер қауымы бірінші

4. Ата-анама ісімнің нәтижесін көрсетсем екен.

Кей жастарда екінші мен үшінші қағиданың орны ауысуы мүмкін.

Студенттік кездердегі ең, ең қажеттілері:

1. Жататын орын.
2. Оқуға әулеттен бөлінетін ақша, ақша.
3. Үйді сағынғанда сағынышын басатын ауылдың тамағы.
4. Уақыт екен.

Міне, студент деген қауымның төрт жылда қиялдайтын арманы мен өзге қауымнан ерекше қажеттіліктері осындай бағытта болмақ. Бүгінгі студент, ертеңгі күн жас болса да, бас болып отыратын лауазымды маман иелері. Яғни, елдің есесін жібермей, қатардан қалдырмай, көш соңында тастамайтын, өзге дамыған елдермен қабырғасын теңестіріп, еңсесін тіктейтін тұғыры биік тұлғалар. Осы тұғырлы тұлғалар еліміздің болашағына өз үлесін қосатынына күмәнім жоқ.

БИЯШЕВА Гүлсезім.

СТУДЕНТТІК ӨМІР - *игі өмірдің бастауы*

Қуаныңдар, жасымаңдар бұл күнде,
Жоқ қой сенен бақытты жан өмірде.
Шаттық жолы студенттік күндер-ай,
Әрбір бұл күн, ыстық біздің жүректе.

Иә, студенттік өмірмен әркім де қоштасқысы келмейді. Студенттік өмір - бұл жастық шақтың ең қызықты бір албырт кезеңі. Бұл кезде адам өміріндегі ең мәнді, қызықты оқиғалары, қуаныш, сағыныш, махаббат толы жылдары біріне-бірі ұласып жатады. Міне, осы студенттік өміріміздің ақтарар сыры мен қыры көп. Күні ертең колымызға диплом алайын деп отырмыз. Өмір деген - арнасы кең өзен, қас-қағымда өте шығады. Уақыт қандай жылдам! Міне, өміріміздегі ең қызықты студенттік шақ та аяқталып келеді. Студенттік өмірдің каншалықты қымбат екенін енді сезіне бастағандаймыз. Жастар – әр кез қоғамның қорғаушы күші. Олардың қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардан ерекшелігі сол, қоршаған ортасында болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмайды. Әйгілі неміс ғалымы Карл Манхейм жастарды ерекше әлеуметтік топ ретінде қарастырған. Оның пікірінше, жас буын әлеуметтік өмірде үлкен қызметін атқарады. Яғни, қоғамдағы кез-келген оқиғаның бастамашысы жастар болуы тиіс. Бұл жастар – көк байрағын желбіретіп, әнұранын асқақтатар егемен еліміздің ертеңі мен келешегі. Университет – студенттердің екінші үйі. Онда оқып жүрген әрбір студент тұлға ретінде қалыптасады, өз университетіндегі достарының ортасында және ұстаздарының жанында ол - өз бойында Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік сияқты ең жақсы қасиеттерді дарытады, сондай-ақ рухани және адамгершілік тәрбие алады, өзіне ұнайтын спорт түрін таңдайды, өзінің жанына жақын үйірмелер мен түрлі іс-шараларға қатысады, жан-жақты тұлға ретінде дамиды. Бүгінгі академик те, ғалым да, өнер жұлдыздары да көктен түскен жоқ. Ол рас, бүгінгі әрбір маман бір үзім нанды бөлісіп жеп, емтиханды ойнақтап жүріп тапсыратын кешегі студент емес пе еді?! Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Тәуелсіз Қазақстанның жастары, нақ сендер, елдің ең басты байлығы болып табылатындарыңды және біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасының болашағы сендерге байланысты екенін есте ұстаңдар!», - деген сөзі біздерге сеніммен қоса үлкен міндеттер жүктейді. Білімді, парасатты, патриоттық рухы биік, ұлттық сананы ту еткен жастар неғұрлым көп болса, болашағымыз да соғұрлым кемел де жарқын болатынына күмән жоқ. Студенттерге тілерім, қызық қуумен қатар ең бастысы сапалы білім алып шығуға тырысыңдар. Оқыған, білімін жетілдірген, епті адамдар ғана өз өмірін алаңсыз өткізеді. Сондықтан оларға айтарым, студенттік кездеріңізді қызықты да ұмытылмастай етіп өткізіңіздер демекпін.

***МАНСУРОВА Т.**, 04403-топ студенті.*

Өзара ынтымақтастық

Қазанның 29 күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде маңызды шара болып өтті. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының кеңейтілген отырысында Казталов ауданының Әкімдігі атынан әкім Табылғали Сатқалиұлы Сапаров пен университет ректоры Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков Казталов ауданы үшін мамандар дайындау және қайта дайындау, осы ауданның педагог кадрларының ғылыми-педагогикалық дамуын, сондай-ақ ауданның білім саласын дамытудағы стратегиялық мәселелерін шешу мақсатында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Облыс әкімі Б.С.Ізмұхамбетовтың бастамасымен оқу орындары мен аудан әкімшіліктерінің бірлесіп жұмыс жасауы жайын айтып өткен ректор Т.З.Рысбеков осы бастамаға алғашқы болып ұсыныс жасап отырған Казталов ауданының әкімдігіне ризашылығын білдірді.

«Ел болашағы - кадр десек, ол - біздің мектептегі балаларымыз, ал оларды оқытатын сіздер, сондықтан жастар бәсекеге кабілетті болу үшін білім керек. Болашақ мектептен басталады десек, мектеп мұғалімінің деңгейін көтеру мақсатында бірлесіп жұмыс жасау мақсатында сіздерге келіп отырмыз. Университет оқытушылары елге келіп мектеп мұғалімдері мен оқушыларға көмек көрсетсе, біздің мұғалімдер университетке келіп білім жетілдіріп жатса нұр үстіне нұр болар еді. Біздің тілегімізді қабыл алғандарыңызға рахмет, ісімізге сәттілік тілеймін»,-деп өз ойын білдірді келісім барысында сөз алған аудан әкімі Т.С.Сапаров.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы негізінде мамандарды дайындау және қайта дайындау, университеттің заманауи ғылыми жетістіктерін және ҚР педагогикалық ғылым жүйесінің ғылыми әлеуетін пайдалана отырып, өңірдің білім саласының бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруды көздейтін құжаттың ауданның жалпы білім беретін мектептерін университеттің базалық мектептері ретінде университет мамандықтарына сәйкес мамандарға қажеттілік туралы ақпараттық мәліметтер базасын жасау, БҚМУ бітірушілеріне арналған бос орындар жәрмеңкелеріне қатысу, мектеп оқушылары мен педагогтарын Ұлттық бірыңғай тестілеу және мектепті бұрын бітірген жастарды кешенді тестілеуге дайындау жөнінде бірлескен шаралар ұйымдастыру, педагогикалық мамандар бойынша аудан мектептеріне кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, университетте өткізілетін оқытушылар мен студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларына қатысу, аудан мектептерінде студенттерге педагогикалық практикадан өтуге жағдайлар жасау жұмыстары маңызды іс болмақ. Сондай-ақ бірлескен ғылыми-әдістемелік жұмысқа қажетті теориялық және практикалық көмек көрсетуде мектептердегі оқу үрдісіне қатысу үшін университет алдыңғы қатарлы және тәжірибелі оқытушыларды бағыттау, бейіндік пәндерді тереңдетіп оқытуға әдістемелік көмек көрсету сынды бірқатар бағыттары Казталов ауданы білім саласын жедел дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қаламыздағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында on-line режимінде бағдарламалау бойынша қалалық олимпиада өткізілді.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Олимпиаданы ұйымдастырушылардың негізгі мақсаты – студенттер арасында дарынды жастарды анықтау, олардың ғылымға, соның ішінде информатика және бағдарламалауға деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Олимпиадаға қаламыздың «Математика», «Физика», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер» мамандығында оқитын 20 студент қатысты. Олимпиаданың нәтижелерін команданың жетекшілері, кафедра меңгерушілері және жоғары оқу орындарының ректорлары интернет арқылы қадағалап, көріп отырды. Барлық қатысушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей 10 тапсырма беріліп, 4 сағаттың ішінде шешу қажеттілігі айтылды. Олимпиада қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04308-топ студенті **Жұмахмет Азамат** бас жүлдеге (сыйлық – МФУ: принтер/сканер/копир Xerox 3100MFP/S) ие болса, М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің АЖ-301 топ студенті **Доскараев Нұрлан** (сыйлық – принтер Xerox Ph3140) I орынды иемденді. Ал М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04308-топ студенті **Сергеев Антон** (сыйлық - принтер Xerox Ph3140) II орынға ие болды. ҚазИТЖУ-дың 313-топ студенті **Мазяркин Алексей** (сыйлық - принтер Xerox Ph3140) мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04405-топ студенті **Дандибаев Әскербек** (сыйлық - принтер Xerox Ph3140) III орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар, 10 студент номинацияларға ие болды: **Абоимов Александр** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04308-топ студенті); **Маноли Роман** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04308-топ студенті); **Нагибова Гүлзина** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04404-топ студенті); **Дускалиев Нұрбол** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04405-топ студенті); **Шагиров Самат** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04405-топ студенті); **Рахманкулов Эдуард** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04208-топ студенті); **Жармұханбетова Жадыра** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04207-топ студенті); **Мустафина Айгерім** (М.Өтемісов атындағы БҚМУ 04404-топ студенті). Олимпиадаға қатысушы 20 студент сертификаттармен марапатталды. Барлық жеңімпаздарға сыйлықтарды «СЕРВЕР+» фирмасы табыс етті.

Педагогикалық факультеттің дене шынықтыру кафедрасында университет оқытушыларының арасында өзара ынтымақтастық пен келісімнің нығаюы, іскерлік тәжірибе алмасу мақсатында қарашаның 1-5 күндері әдістемелік апталығы өткен болатын. 2 қараша күні №7 оқу ғимаратында «VII Азия ойындарының өтуі - Қазақстан Республикасының имиджін көтеру ретінде» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

VII Азия ойындарының өтуі - ел мәртебесі

Онда кафедра меңгерушісі М.Х.Темірғалиева, проректор Т.М.Даришева, спорт клуб төрағасы Ж.С.Жардемов және оқытушылар мен студент қауым қатынасты. Үстіміздегі жылдың 24-26 қазан күндері Чехия Республикасының астанасы Прага қаласында самбо күресінен спорт шеберлері (ардагерлер) арасында Әлем Чемпионатына Европа, Азия, Америка, Африка сынды 4 континенттен 28 мемлекет қатынасқан болатын. Қазақстан елінен барлығы 50 адам қатынасса, соның 20-ға жуық спортшысы батысқазақстандықтар еді. Командалық есеп бойынша Қазақстан Республикасы - II орынға ие болды. Еліміздің намысын көтеріп, байрақты бәсекеден спорт шеберлері, университетіміздің қадірлі ұстаздары Қ.Исмағұлов және Б.Т.Төлегенов жүлделі I орынға, оқытушы С.Ш.Бекбаев II орынға қол жеткізген еді. Айтулы шара барысында проректор Т.М.Даришева жүлделі жеңімпаздарды жетістіктерімен құттықтап өтіп, оларға сәттілік тіледі. Дөңгелек үстел барысында сөз алған Ж.С.Жардемов: «VII қысқы Азия ойындары Астана мен Алматы қаласында өтпек. Жарыс спорттың 11 түрінен 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығын қамтиды. Әлемге әйгілі Азиада сәніне айналған «Алау» эстафетасына 1020 қазақстандық қатысса, біздің облыстан 50 адам қатынаспақ. 51 мемлекеттің әзірге 26 мемлекеті ғана Азиадаға қатысуға ұсыныс білдірген, әлі де ұсыныстар болады деп күтілуде. Қазір Азиада құрылыстары аяқталып, спортшылар жаттығуларына кірісіп кетті», - дейді қысқы Азия ойындары жайында.

Бұл жарысқа бүгінгі таңда 24 үміткер және 6 жаттықтырушының тізімі бекітілген, олардың ішінде педагогикалық факультеттің студенттері Симонова Инна, Матова Ксения, Жұмағазиев Нұрбергендер ел намысын спорттың шорт-трек ойыны бойынша қорғамақ.

Азия ойындарына университет көлемінде насихаттау жұмыстары қыркүйек айынан басталып та кетті. Бұған дәлел кешегі университет спорт сарайында Азиада эмблемасы ілініп, университет студенттері арасында (ұлдар мен қыздар) волейболдан өткізілген жарыс айғақ бола алады.

Тарих бөлімінің студенттік деканы Т.Бирсекенов, дене шынықтыру және спорт бөлімінің студенттік деканы Н.Айтбаевтардың баяндамалары тыңдалды.

Студенттік ректор А.Жақсығалиева, орыс филологиясының студенттік деканы А.Батыков сөз сөйлесе, осындай дөңгелек үстел басынан тұшымды ой түйіп, спортшы жерлестерімізге үлкен сенім мен үміт артып, көк байрағымыздың жеңіс тұғырынан желбіреуіне жиынға қатынасушылар да тілектестіктерін білдірді.

СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

БҚО Ішкі саясат басқармасының қолдауымен БҚГА студенттерінің бірлестігі «Дәуір» жастар қоғамдық бірлестігі «Жастар денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау, есірткі, ішімдік пен шылым шегудің алдын алуға бағытталған шараларды өткізу» атты жарыс қазанның 22-23 күндері қаланың жоғары оқу орындары мен колледждері арасында болып өтті. Спорттың 6 түрінен өткен жарысқа 13 командадан 327 спортшы қатысты. Жарыс М.Өтемісов атындағы БҚМУ Спорт клуб төрағасы Ж.С.Жардемовке және оқытушыларына жүктелді. Мылтық атудан 13 команда қатысып, бапкері – В.В.Боберь, БҚМУ - I орын, БҚАТУ – II орын, Евразия академиясы және Евразия академиясының колледжі – III орынға ие болды. Жекелей сында ұлдар арасында БҚМУ студенттері – I орын - Арман Сарбалин, II орын – Чингиз Бадахов, III орынға колледж студенті Абдрахманов ие болса, қыздар арасында I орынға Динара Дүйсенбаева ие болды. Қол күресінен (Армрестлинг) бапкері – А.Т.Шандозтегі, 10 команда қатысып, БҚМУ – I орын, БҚГА – II орын, БҚАТУ – III орынға ие болды. 60 кг салмақ бойынша I орын – А.Ермеков (БҚГА), II орын – Е.Тапалов (БҚМУ), III орын – А.Хайршаковқа (педколледж) бұйырды, 70 кг салмақ дәрежесімен I орын – Бисенғалиев (БҚАТУ), II орынға О.Ерғалиев (педколледж), III орын Жамбыл Алғадай (БҚМУ), 80 кг бойынша I орынға Т.Байгелов (БҚМУ), II орынға Кубаров (Агроколледж), III орынға И.Каржангалиев (БҚМУ колледжі), +80кг салмақ дәрежесімен I орынға Т.Байгелов (БҚМУ), II орынға Бекайдаров (БҚГА), III орынға Литворин (БҚАТУ) ие болды.

ò ò ò

Үстел теннисінен (бапкері А.Х.Жұмағалиев) барлығы 13 команда қатысты. Нәтижесінде I орын – БҚАТУ, II орын – БҚМУ (Б.Курбанов, Е.Кабдугалиев, А.Темиржанова), III орынға педколледж лайық деп анықталды.

Тоғызқұмалақтан (бапкері – А.Н.Володин) 11 команда ойын көрсетті. I орын – БҚАТУ, II орын – Евразия академиясы, III орынға БҚМУ (М.Уразгалиев, А.Батаков, Б.Журканова) қол жеткізді.

Дойбыдан 12 команда қатысты. Бапкері – М.Х.Темірғалиева. I орын – БҚГА, II орын – БҚМУ (А.Абдулла, А.Батыков, А.Кулмагамбетова), III орын – Гум.-техн. колледжі. Баскетболдан (қыздар арасында) 12 команда ойын ойнады. Бапкері – Т.И.Свинцова. I орын – БҚМУ (С.Тасмағамбетова, А.Раева, А.Круглова, М.Нарбургонова, О.Романова, Н.Бекжанова, Г.Қазынова, А.Байбекова, М.Фужейникова, Ж.Зданова, А.Талғатова, В.Нұрмұханова, Л.Ярош), II орын – Евразия институты, III орынға медколледж ие болды. Жарыс қорытындысы бойынша, жалпы командалық есепте БҚМУ – I орынға, БҚАТУ – II орынға, БҚГА – III орынға қол жеткізді.

8. Өзіңе жаңалық аш

Егер сен өміріңе риза болып, жаңа әсерлерге ашық болсаң, бұл бірден айналаңдағыларға біліне бастайды. Жылдар бойы істемей, тастап кеткен жұмыстарға кіріс, мысалы гүл отырғыз немесе қайың суын теру үшін қала сыртына шық. Бұрыннан армандап келе жатқан істермен айналыс – фотоаппарат сатып алып өзіңді репортер сезін, үнді немесе фламенко би курстарына жазыл. Бұл қызық емес деп ойласаң, экстремалды спорт түрін аш – дельтапланмен ұшу немесе сарқыраған өзенде салмен түсу деген сияқты. Адреналин өмір сүру құмарлығын оятады, бұл болмысты тартымды етеді.

9. Үйде отыра берме

Үйде отырып, жігіт табамын деп ойлама. Подъезд тұрғындарының жиналысына болсын, немере сіңлілеріңнің саяжайына жексенбілік қыдырыс болсын – шақырған жерден қалма. Адамдармен сөйлесуге болатын сылтаулардан бас тартпауға тырыс. Бұл жолмен сен өзіңнің тағдырың болатын адаммен жолығу мүмкіндігін арттырасың. Шетте қарап тұрма, сонымен қатар күштеп сөйлесу де қажет емес. Жай ғана өз-өзіңмен бол және де өзіңе қызықты адамдармен әңгімелес.

10. Ғажайыпқа сен

Есейе келе бақыттың аспаннан салбырап түсетініне күмәнді болып қалғандаймыз. Ал бұл - бекер. Өйткені, ең керемет, ғажап, фантастикалық сәттер кез-келген жерде, кез-келген уақытта болуы мүмкін: ертең таңертең, демалыс күндері, келесі аптада – ешкім қашан болатынын білмейді. Бірақ болатынына сен.

11. Басқалардың қателіктерінен сабақ ал

Өзіңе теріс тәжірибе жеткіліксіз деп санайсың ба? Егер де жеткілікті десең де реніш пен ауыртпашылықтың арқасында өзіңнің қателіктеріңді байқай алмауың мүмкін. Сондықтан құрбыларыңның қателіктерінен, басқа бір әйелдердің естеліктерінен және танымал адамдардың өмірінде болған жайттардан үлгі алып, қателіктерінен сабақ алу керек. Сәттіліктері мен сәтсіздіктеріне анализ жасап көр.

Сенің ойыңша кейіпкер әйел нені дұрыс жасады, керісінше қай жерде қателескенін жаз. Өзіңді соның орнына қойып, сен қандай шешім қабылдайтыныңды ойланып көр. Жауап жұбанышты болмауы да мүмкін. Ең бастысы өзіңнің жауаптарыңа адал болу шарт – сонда ғана өміріңде басқа адамдардың қателіктерін болдырмауға тырысасың.

12. Еркектерді танып-біл

Тек қана әйел адамдардың қызықтары мен әуестерінде ғана тұйықталып қалма. Тартымды болу үшін маусым сән үлгісінің барлық үрдісі мен косметологиядағы жаңалықтарды біліп жүру жеткіліксіз. Жігіттің алаңында да ойнай білу керек. Сол үшін ең үздік және болашағы зор футболшы туралы немесе автомобиль өндірісінде қандай жаңалықтар болып жатқандығы туралы хабардар бол. Спорт жаңалықтарын көр, жаттықтыру залдарына бар, компьютерлік курстарға жазыл және автомобиль айдаудан 2-3 сабақ ал. Міндетті түрде жанкүйер немесе программист болып шығу емес – жай ғана "жігіттерше" бір-екі сөз оның саған деген қызығушылығын арттырады. Ал сен еркектердің өмірі жайлы біраз хабардар боласың.

13. Жетістікке қол жеткіз

Егер сен әлі де тамаша мансапқа қол жеткізіп немесе Голливуд жұлдызы атанбасаң – еш айыбы жоқ. Өз қалауыңның ең мықтысы болуға тырыс. Шаш әрлендіруден немесе сөзжұмбақ шешуден байқауларға қатысып, жеңуге тырыс. Жетістік – тартымдылықтың ең күшті факторы. Бұл байқау жайлы ешкім естімесе де жеңіс саған өз-өзіңе деген сенімділікті арттырады, ал бұл айналаңдағыларға әсер ететінін ұмытпа.

14. Өткеніңді қолға ал

Өзіңнің студент шақтарыңды немесе мектептегі алғашқы махаббатыңды еске ал. Сенің ойыңша бұл алтын кездер ме? Ең жақсы сәттеріңді өткізген ескі достарыңа хабарласып, жағдайларын біл. Олармен айтылатын ортақ әңгіме көп. Алғашқы махаббатың үйленіп, көп балалы болып кетсе де сен жай ғана ескі жолдасыңмен әңгіме-дүкен құрасың. Егер отбасын құрмаған болса ше – мүмкін болашағың оның қолында шығар? Бәрі де мүмкін…

15. Бағдарыңды өзгерт

Сен күн сайын бір ғана жолмен жұмысқа барасың, бір автобусқа отырып, күнделікті бір дүкенге кіресің. Өзіңнің күн тәртібіңді өзгерт, жұмысқа барар жолдың басқа бір жолын таңда, 1-2 аялдама жаяу серуенде немесе сауда жасауға орталыққа аттан. Мұны әрдайым істеп тұруға тырыс, мысалы 2 аптада бір рет. Біріншіден, бұл зерігуден құтқаратын жайлы және әсерлі тәсіл. Екіншіден, мүмкін сенің арманыңдағы жігіт екі жыл бойы параллель көшеде жүріп-тұрып жүрген шығар…

16. Момындықтан құтыл

Сәттілік сенен әрдайым жаныңнан өтіп кетеді деп ойлауға уақыт құртатындай өмір қысқа. Сен ең жақсыға лайықсың: ең жақсы қарым-қатынасқа, ең қызықты әңгімеге, ең еліктіргіш сауық-сайранға. Ескі, өзіңе ұнамайтын киімдеріңнен айрыл, өзіңе қызықсыз сұхбаттарды қоштама, залдан шығуға ұялып қызықсыз фильмдерді соңына дейін көріп отырма. Өміріңді "екінші дәрежеліктен" тазарт. Сонда ғана "ең" деген заттарға орын босайды.

Өз өміріне және өзіне көңілі толатындарға ғана бақыт келеді. Сондықтан өз өміріңе риза болуды үйрен, өзіңнің сәттіліктерің және жетістіктеріңмен өмір сүр, артықшылықтарыңды көре біл. Жігіттердің көмегінсіз-ақ бақытты бола алған кезде ғана сен ОНЫМЕН кездесуге дайын боласың!

n Қоғам және жастар

Соңғы жылдары жастар азаматтық некеге әуес болып барады. «Бояушы бояйды дегенге, сақалын бояпты» дегендей еліктейміз деп, санамызға жат, ұлттық намысымызға нұқсан келтіретін кей әдеттерді ауызда жүретін қолданыстағы сөзге айналдырып алғандаймыз. Атауы айтып тұрғандай-ақ, бұл неке мемлекеттік органның тіркеуінен өтуді қажет те етпейді, яғни, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңында ол туралы ешқандай түсініктеме де берілмеген. Сондықтан, «бейресми некелесу» деп атаса да болады. Азаматтық некеге тұратындар көбінесе некесін қидырып, жұрттың назарын аударғанды қаламайтындар. Бұл некеге не себепті барады дейтін болсақ, біріншіден, көп жағдайда әлеуметтік теңсіздігіне орай отбасын құра алмайды. Әсіресе, жастар жұмыс жасайын, не үй алайын, не болмаса тойға ақшаны өзім жинаймын деп осы жолға барады. Екіншіден, бір шаңырақ астында өмір сүріп, заңды некеге тұрмайтын жастардың басым бөлігі отбасылық жауапкершіліктен қашқақтайтындықтан болуы керек.

Жалпы, қоғам жастардың азаматтық некеге тұрғанын қаламайды. Бірақ, жастар түрлі себептермен бірге тұруын тоқтатар емес. Тағы айта кетерлік жайт, үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай қоймайды демекші, осыған үйрене алмағандары ажырасып тынады. Бірақ, азаматтық некеде тұрғандар бір-бірімен келісе алмай қалған жағдайда, ажырасу үшін сотқа шағымданып әуре болмай тек қолына заттарын алып кете береді. Ал араларында сәби болса не болмақ?! Заңды некеге тұрса, сөзіміз жоқ. Ал жауапкершіліктен қашатын адаммен тұрып, жасанды түсік жасатағындар қаншама...

Азаматтық неке – азғындаудың жолы ма?!

Азаматтық некедегі жастарымыздың айтатыны көбіне «бір-бірімізді дұрысырақ тану үшін азаматтық некені қаладық» дейді. Алайда, бір-бірін тану үшін азаматтық некеге тұрудың еш қажеті жоқ. Осы кезге дейін ата-бабаларымыз мұндай нәрсені естімей, білмей шаңырақ көтерді. Бір шаңырақ астында күміс, алтын тойларын тойлаған еді.

Психологтардың пікірінше, «азаматтық некедегі» нәзік жандылар көбінесе «күйеуім» бар деп сенеді, ал, ер адамдар оларға тек «көңілдесім» деп қана қарайды екен. Осындай қарым-қатынастағы ер мен әйелді, әрине, отбасы деп қарауға болмайды.

Сондықтан, ертеңгі күні өкініп қалмас үшін жүрегіміздегі иманымыз бен ар алдында басымызды тіктеп жүретіндей адалдығымызды сақтағанымыз жөн.

БИЯШЕВА Г.

Осы өмірде саған арналған жігіт қалмаған шығар деген ой келе ме? Немесе қолыңда барларға көңілің толмай ма? Өзіңе “Жақсы жігіт табу үшін не істеуім керек” деген сұрақтарды жиі қоясың ба? Ол үшін бәрін өзіңнен бастауың керек.

Үш жыл бұрын “тәуір-ақ” жігітпен жап-жақсы қарым-қатынаста өмір сүргем. Ол абзал, аққөңіл, қамқоршыл болатын. Алайда, ол менің өмірімді төңкеріп жіберетін адам емес екенін басынан білгенмін. Бізді ешқандай ортақ қызығушылықтар немесе ортақ ұйғарымдар байланыстырмады. Мен оның Шумахерді сүйіп көретіндігін түсіне алмадым, ал ол менің табиғат аясында демалып, жорықтарға шығып, палатка құру қызығушылықтарымды түсінбеді. Мен кейде осы адаммен өмір бойы болу мүмкіндігін ойлағанда қайғырып кететіндей халге жететінмін. Ал сосын мен Домбайға шаңғы тебуге сапарға аттандым. Сол жерде, ойланып-толғанып, жақсы адамдармен жолығып, сөйлескеннен кейін, “тәуір-ақ” деген енді мені қанағаттандырмайтынын ұқтым.

Сол мезеттен бастап өзімнің алтын келе маған құрбыларыма мақтана көрсететін қуыршақ емес, әлдеқайда басқа тұлға керек екенін түсіндім. Сонымен қоймай мен оны қайтсем де табуым керек деген тұжырымды ұстанбадым. Мен жігітпен де, жігітсіз де – керемет өмір сүруге талпындым. Бір сөзбен айтқанда мен бақытты болдым. Мұндағы ең қорқыныштысы арманымдағы жігіт бәлкім одан ертеректе кездессе оны өте арманшыл, ұнамсыз деп бетін қайтарар ма едім деп ойлаймын… Мен оның ең жақсы қасиеттерін көре алмай қалатын ба едім – менің арманым екенін біле алмайтын ба едім…

Өзіңе керекті адамды көре білу оңай емес. Айналада сенің иделыңа сай келетіндей жасандылар өте көп және де сен өзің де идеалыңды кездестіруге әрқашан дайын бола бермейсің. Сондықтан көңілің қалып, алданып қалмас үшін біраз жұмыс

n *Бойжеткен*

Ойыңдағы адам үшін
Ү он алты қағида

уақытымды менің арманымдағы жігітке тіптен ұқсамайтын жігіттерге құртпаймын деп шештім. Мен өмірдің ең үлкен бақыт мейрамында шаттанатын боламын, ал бір күні ол бәрібір жолығады деп шештім! Осының бәрін үйге келген соң өзімнің “тәуір-ақ” жігітіме түсіндірдім. Содан бастап біздің қарым-қатынасымыз үзілді. Бір күні диванда жатып арманымдағы жігіттің бейнесін қағазға түсірдім. Ол қандай болу керек? Сөйлескіш, ашық, сенімді, мені шексіз сүйетін, ақылды, ой-өрісі кең, әзіл-қалжыңы жарасқан, салауатты өмір салтын қадағалайтын, оқымысты. Сол сияқты тағы да өмірлік жолымдағы серігімде болуға керекті он шақты қасиеттерді жаздым. Жазғандарымды үстелдің жәшігіне салып би кешіне тартып кеттім. Бір айдан кейін қонақта арманымдағы жігіттің қасында отырғанымды сездім. Қобалжудан тілім байланып анада ғана жазып қойған тізімімнің әр қасиетіне қанатбелгі қоя отырып, өз телефон нөмірімді әрең айттым. Айта алғаныма да Құдайға шүкір!

Ең кереметі – бәрі сондай жеңіл түрде өз орындарына қойылғандығы. Артқа көз жүгірте отырып, мұның бәрі жағдайлардың сәтті тоғысуынан болғанын аңғарамын. Мен өзімді керемет сезініп жүрдім – өмірімде бірінші рет жігіттерден не қалайтынымды білдім. Ақылға салып, есейе істеу керек. Ең әуелі – өзіңмен.

1. Өз-өзіңді алдама

Сонымен сен жақсы жігітті кездестіргің келеді. Мұны мойындаудан қашпа. Махаббатыңды іздеу – қиын іс, бірақ қай уақытта да оны бастау керек. Егер сен өз-өзіңе бақытыңды тапқың келетініңді мойындасаң, бұл сенің жолың болмайтын қыз немесе жігіттердің саған жоламайды екендігін білдірмейді. Бұл сенің ер жетіп, ақыл тоқтатқан тәжірибелі екеніңді білдіреді.

2. Басқаларды да алдама

Айналаңдағылармен сөйлескенде өзіңнің тәуелсіз және өз-өзіңе жеткілікті екеніңді сызып айтпа. Саған ешкім де керек емес сияқты түрді көрсетпе. Достарыңмен өзіңе лайық жігітті іздестірудемін деп ой бөліс. Оларға өз орталарынан саған лайық деген жігітті іздестіріп көрулерін сұра. Ал сосын қонаққа шақырып, тосын кездесу ұйымдастыруға да болады.

3. Өз өміріңе талдау жаса

Өзіңнің бақытты болуың үшін не керегін және өз жігітіңе өміріңнің қанша бөлігін сыйлайтыныңды білмейінше – оны табу қиынға соғады. Мынадай бір тәсіл қолданып көр. Бір қағаз алып шеңбер сыз да көз мөлшерімен бірнеше секторларға бөл. Бір сектор сенің өміріңде карьераның алатын өлшеміне сай келу керек, келесісі – жігітіңе арнаған өлшемнің орны, үшіншісі – қызығушылықтарыңа, сосын хобби секторын белгіле, достарыңа арналған сектор, және тағы да басқа өзіңнің қалауың бойынша бөлімдер. Бұл жай ғана диаграмма өзіңе басқа көзбен қарауға көмектесіп, артықшылықтарыңды көрсетеді.

4. Өзіңе қандай жігіт керек екенін шамала

Саған керек жігітте ең бастысы қандай қасиеттер болу керек, қандай қасиеттерін сен көтере аласың, ал қандай жаман қасиетіне шыдай алмайсың, соны шешіп ал. Егер идеалыңды суреттей алмай жатсаң бір қағаз алып үш графаға бөл. Өзіңе таныс қасиеттерді алып тізімге сәйкесінше ретімен жаз. Басыңда әр уақытта осы қасиеттерге ие адамның бейнесі жүрсін. Сонымен қатар бұл қатып қалған тізім емес екенін ұмытпа, жағдайға байланысты өзгерістер енгізіп отыруыңа да болады.

5. Стереотиптерден құтыл

Бірнеше этаптардан кейін “әдемі және бай” деген міндетті түрде “аққөңіл, сені шексіз сүйетін және сенімді” болып шықпайтынын түсінесің. Мүмкін, сені шексіз бақытты ететін жігіт олигархтан гөрі есепшіге ұқсайтын шығар. Егер бұрынырақта аздап “шашы түскендер” сен үшін сұмдық нәрсе болса, бертін келе бұл процесс ерте ме, кеш пе көптеген еркектерді қамтитынын түсін. Өзіңнің сарыторы немесе жұқа ерінді жігіттерге деген жеккөргіштігіңмен күресу үшін адамның сыртқы келбеті бойынша қандайына “жоқ” деп айта алатыныңды шешіп ал. Сондай бір жігіттің келбетін салып көр. Енді осы бір адам сені машинаның астына түсуден құтқарып қалғанын немесе саған миллион раушан гүлін сыйлағанын елестетіп көр. Сарыторы жігіттерден бірінші “адамды” көруге тырыс, содан кейін ғана келбеті екенін ұмытпа.

6. Өткен өміріңді өзіңе жұмыс істет

Барлық “бұрынғыларың” әркез сені тастап кететін бе еді? Ауыртпашылық пен көңіл қалушылық – сенің кез-келген романдарыңның сөзсіз атрибуттары деп ойлайсың ба? Мынаны ескер: барлығымыздың да күйініш пен мұңға толы жүгіміз бар. Өткен қорқыныш пен қатып қалған стереотиптер әрі қарай өмір сүруге кедергі болмас үшін оларды өзіңнің жақтасың етіп алу қажет. Өткен қателіктердің арқасында болашағың үшін жақсы сабақ алуға тырыс. Өзіңнің соңғы қатынастарыңа талдау жаса. Егер соларда, мысалы, сенімсіздік, түсініспеушілік, қызғаншақтық сияқты ортақ сарын көрсең, осы көріністер қайталанбас үшін өзіңде нені өзгерте аласың – соны түсініп көр. Мүмкін бұл жайлы психологпен де ақылдасып көрерсің?

7. Өз-өзіңді сүй

Өз-өзіңді сүй. Бұл үшін жұмысқа бара жатып “Мен ең әдемімін, ең көріктімін” деп қайталау қажет болса да. Өзіңе саған шексіз ғашық жігіттің көзімен қарап көр. Саған бетіңдегі иірімдерің ұнамай ма – жақсы көр. Бетіңнің барлық әдемілігі сол иірімде деп ойла. Тісінің ортасындағы саңылауды өзінше бір тартымды етіп қойған Мадоннаны еске алшы. Немесе ерінінің үстіндегі меңімен Синди Кроуфорд. Кішкентай айнада келбетіңді бөлек-бөлек қара – әр қатпаршағыңды, әр меңің мен иірімдеріңді жақсы көруге тырыс. Өз-өзіңді сүюден ұялма. Өйткені, дәл солай саған жігіттердің қарағанын қалайсың ғой.

Құрбан - араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаһқа жақындай түсу. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы - «шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Құрбан айт күндері (алғашқы үш күні) шалынатын мал «ұдһия» деп аталады. Құрбандық шалудың мәнісінің кеңдігін ұғыну үшін діннің не екенін, құлшылықтың не үшін жасалатынын жақсы білген жөн. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Күллі мұсылман жұртшылығын бір-біріне жанашыр болуға, қамқорлық жасауға, қиналғандарға көмектесуге, жағдайы нашарларға қарасуға, өзара мейірімді болуға шақырады.

Құрбан айт - мұсылмандардың ұлық мерекесі. Ол күні Аллаһ разылығы үшін мал шалынып, ақ түйенің қарны жарылатын күн. Қажылық өтеушілер Қағбаға жүзін қаратып, Арафатта дұға оқиды. Дүйім мұсылман баласы пайғамбарлардың ісін қайта жаңғыртып, Аллаһ жолында құрбандық шалу арқылы бір-бірін дінге беріктік танытуға шақырады.

16 қараша күні қаламыздағы ақ мешітте Құрбан айт намазын оқуға барша мұсылман қауым жиналды. Ел амандығын тілеп, атаулы мерекемен құттықтау мақсатында мешітке облыс басшылығымен бірге университет ректоры Т.З.Рысбеков те қатысқан болатын. Облыс әкімі Б.С.Ізмұхамбетов жиналған қауымды ұлы мерекемен құттықтап, «Ел аман, халқымыз тыныш, тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болып, шалынған құрбандық қабыл болсын», деп лебізін білдірді. Айт намазынан кейін «Құрбан айт қабыл болсын!» айтысқан халық құрбан шалды.

Құрбандық шалу төмендегідей төрт шартқа ие жандарға уәжіп болады екен: Мұсылман болуы, ақылды және балиғат жасына толуы, Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы және негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы. Нисап мөлшері-85 грамм алтын, яки соның құнына тең келетін ақша. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен, жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат етілген. Айт күндері құрбан шалу - ғибадат. Ал құрбандық шалудағы ең маңызды жайт оны - Аллаһқа арнап сою. Ниеттің адалдығы жай ғана істің өзін ғибадатқа

Құрбан айт - мұсылмандардың ұлық мерекесі

айналдырады. Құрбандыққа шалынған мал - Жаратушының берген ризығы болғандықтан, етін сол отбасы мүшелерімен қоса кедей-кепшіктер де жейді. Күнделікті өмірде жағдайы тым нашар адамдардың бар екенін ұмытпаған жөн. Бір күндік өміріне талшық етерлік ас таппай жүрген жандар да жоқ емес. Сондықтан мұсылман ғалымдарының айтуынша, шалынған құрбанның етінен жеу - мұстахап, мұқтаж жандарға үлестіру - уәжіп.

Құрбандық шалынатын малдар және олардың ерекшеліктері:

Кез-келген мал құрбандыққа жарамайды. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болуы қажет:

1 құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар жарамды. Ал үйрек, қаз, тауық, елік секілді, т.б. аң-құстар құрбандыққа жарамсыз.

2. құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Ал ешкінің міндетті түрде бір жасқа толған болуы қажет. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады.

3. құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Оның бойында құрбандық ретінде шалуға кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы қажет.

4. құрбандық мал ғибадат ретінде бауыздалуы шарт.

Малды құрбандыққа жарамсыз ететін кемшіліктер:

Екі немесе бір көзінің соқыр болуы:

Бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, көтерем болуы;

Екі құлағының немесе бір құлағының басым бөлігінің жоқ болуы;

Тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған болуы;

Қос мүйізді немесе бір мүйізі түбінен сынып қалған болуы;

Жілігі майсыз, ауру болуы;

Тумысынан құлағы мен құйрығының болмауы:

Жетекке көнбейтін және үйірге қосуға жарамайтындай немесе жем беруі қиын тентек болуы;

Ауру екендігі анық белгілі болуы.

Құрбандық шалуға ниеттенген адамның, сатып алған малында жоғарыда аталған кемшіліктер сатып алғаннан кейін пайда болса, орнына басқа мал алып бауыздағаны абзал. Алайда жағдайы төмен жандарға сатып алған құрбандық малында жоғарыда аталған кемшіліктер пайда болса, орнына басқасын алудың қажеті жоқ. Алған малын құрбандық ретінде бауыздай беруіне болады.

Құрбандық шалған кезде көптеген жайттарға назар аударады. Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу, құрбан шалатын жерге малды ұрмай-соқпай апару, құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу. Құрбан шалатын адам малды қинамай жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі керек. Малдың көзінше жалаңдатып пышақ қайрауға болмайды. Пышақ өткір болуы тиіс. Малды құбылаға қарата жатқызғаннан кейін оң қолымен «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп бауыздайды. Құрбандық малды басқа адамға бауыздатқан кісі мал бауыздалып жатқанда «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп қосса айтқаны жөн. Малдың жаны бойынан толық шығып болғанға дейін оның терісін сыпыруға болмайды. Малдың қаны толық ағып біткенше күтіледі. Құрбан шалғаннан кейін сол маңайдың тазалығына да көңіл бөлу керек. Малдың қан-жынын ашық-шашық далаға қалдырмай, көміп тастаған жөн. Бұл - құрбандық малына әрі құрбан құлшылығына деген құрметтің белгісі.

Ғибадат Аллаһ тағала талап еткен, белгіленген мезгілде және орында жасалуы шарт. Сондықтан құрбанның дұрыс болуы үшін діни тұрғыдан оның белгіленген уақытта бауыздалғаны жөн. Құрбан шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Жарықтандыру жүйесі нашар орындарда түрлі қателік-терге жол бермеу үшін түнде құрбандық шалу мәкрүһ болып саналады. Ал жарықтандыру мүмкіндігі жеткілікті жерлерде түнде де құрбандық шалына береді. Құрбан айтқа арнап алынған мал құрбан айтта бауыздалмаса, малдың өзін садақа ретінде атау қажет. Өзі себептерге байланысты құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады.

Бай болсын, кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату- мұстахап. Бір бөлігі - туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі - кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі - өзінің отбасына, бала-шағасына тиесілі. Бірақ шалынған малдың етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға да болады. Егер құрбандық шалған адам аса дәулетті болмаса және отбасында адам саны көп болса, онда құрбандықтың етін түгелдей өзінің отбасына да қалдыра алады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде құрбанның еті турасында былай дейді: «Құрбанның етінен өздерің жеңдер, әрі міскіндер мен кедейлерге жегізіңдер» (Хаж, 22/28).

Айт күні мұсылмандар жақсылап ғұсыл құйынғаннан (денені толықтай жуу) кейін әдемі, таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп, мешітке айт намазына бару - мұстахап (жақсы амалдарға жатады). Намаздан кейін мал сойылып таратылады. Көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын!» айтысады. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, айтта бір-бірін кешірген жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, шамалары келсе көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, әке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сыяпат жасап, Айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдарды жасау адамдардың бір-біріне деген жылылықтары мен сыйласымдықтарын барынша арттырады.

Иман - әділетті, мейірімді, берекелі қоғамның ұйтқысы. Сондықтан бізге ұлық мерекемізді насихаттау, құрбандық шалу дәстүрімізді жандандыру, қоғамда қайырымдылық шараларының көптеп ұйымдастырылуы қажет.

(Нақты мәліметтер Ә.Дербісәлі «Құрбан айт - құтты мереке» кітабынан алынды).

Қазақстан халқы Ассамблеясы – келісім мен бірліктің кепілі

Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Қуанышбай Төлебаевтың ұйымдастыруымен ХДП «Нұр Отан» ғимаратының кіші залында Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығына байланысты Батыс Қазақстан облысы халқының Ассамблеясы мен жергілікті БАҚ жетекшілері арасында Меморандумға қол қою мақсатымен дөңгелек үстел оздырылды. Бұл шараға Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысып, күн тәртібіндегі мәселеге орай пікірлері мен ойларын жария етті.

Облыс ассамблеясының жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту жөніндегі қызметтер, қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірлікті нығайту туралы мақалалармен халықты таныстырып отыру көзделді.

Жергілікті БАҚ басшылары мен тілшілері және М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың бірінші проректоры Ә.С.Тасмағамбетов сөз алып, Ассамблеяның мәні мен маңызына тоқталып өтті. Меморандум шарттары талқыға ұсынылып, бұл жоба дөңгелек үстелге жиналған қауымнан қолдау тапты.

Батыс Қазақстан облысында 80-нен астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүруде. Халықтар достығы, ұлт бірлігі – еліміздің егемендігінің, тәуелсіздігінің кепілі екені сөзсіз. Достық пен өзара түсіністікке негізінде қалыптасқан ұлт пен ұлыстардың арасындағы тату қарым-қатынас нығая түсіп, еліміз тыныш болып, бейбітшілік заман болсын дейміз.

БЕККУЖИЕВА С.А.

В рамках договора о сотрудничестве ЗКГУ им. М.Утемисова и РУДН на естественно-географическом факультете студентам, магистрантам и преподавателям кафедры географии был прочитан курс лекций доктором географических наук, профессором кафедры региональной экономики и географии экономического факультета Российского университета дружбы народов Родионовой Ириной Александровной.

ДЕЛОВОЕ ПАРТНЕРСТВО географов ЗКГУ и РУДН

Она является автором многих учебных пособий, посвященных региональной и мировой экономике. Её научные интересы посвящены пространственной организации промышленности мира, структурным сдвигам в отраслях мировой промышленности, а также глобальным проблемам человечества и геоэкономической стратегии России.

В РУДН Ирина Александровна читает такие курсы как "Экономическая и социальная география», "Территориальная организация населения», «Общественная география», «Экономика регионов», «Современные тенденции промышленности мира».

Большое внимание в лекциях было уделено формированию нового мирового промышленного ландшафта и позициям Казахстана в мировой промышленности. Рассматривались вопросы развития мировой энергетики и использование энергоресурсов Казахстана, обсуждались проблемы формирования туристского кластера в Казахстане. Продемонстрированы возможности использования Интернетресурсов в географических исследованиях. Лекции были прочитаны очень эмоционально, методом рассказа и беседы, во время которых привлекались знания и наших студентов. Особенно отличился студент первого курса Филонов Владимир, наиболее активно и правильно отвечающий на вопросы лектора и получивший в подарок карту с автографом автора.

Лекции о роли промышленности в структурах мирового хозяйства, динамике изменений в пространственной организации промышленности населения мира и о проблемах географического образования были прочитаны также учителям географии области и Акжаикского района.

ТЕРЕЩЕНКО Т.А.,
доцент кафедры географии.

5 октября 2010 года мне, студенту первого курса, выпала честь присутствовать на лекции профессора РУДН Родионовой Ирины Александровны. Лекции были посвящены актуальной проблеме нашего времени - «Полезные ископаемые и современные проблемы их использования», «Энергетическая безопасность России и Казахстана».

С лекциями профессора Родионовой И.А. - в мировое образовательное пространство!

Мне было интересно выслушать мнение профессионала. Лекция проходила живо, интересно, с использованием информационных ресурсов, интерактивной доски. Ирина Александровна - мастер своего дела. В лекции были приведены статистические данные, составленные как мировыми экспертами, так и самой Ириной Александровной. Все это было подано студентам на понятном для них языке. Студенты принимали активное участие в лекции, дискутировали по некоторым фактам, делились своим мнением по данному вопросу. Данная тема была рассмотрена в полном объеме. Лекция шла в дружественной обстановке: было место и науке, и повседневной практике. Ирина Александровна смогла увлечь студентов и поддерживать познавательный интерес. Была создана атмосфера, в которой были все условия для плодотворной работы как профессора, так и студентов. На мой взгляд, Ирина Александровна – асс в нелегком деле обучения молодого поколения и передачи накопленного опыта, собранного за долгие годы преподавательской деятельности. Хочу поблагодарить руководство нашего университета за предоставленную возможность прослушать лекции высокопрофессионального ученого с мировым именем.

ФИЛОНОВ В.,
студент 01109 группы.

Талабы таудай талантты жастар жеңісі

Ақжайық өлкесі қашанда игі бастамалардың арқауы, жақсы жаңалықтардың ортасы болып қана қоймай, небір дүлдүл дарындар мен таудай талабы бар талантты жастардың, аузымен құс тістеген білімділердің, бірді емес, мыңды жыққан білектілердің Отаны. Осындай дарындыларды өнер көкжиегіне бастап, өмір айдынына баптап, жолдама беруде өңірімізде көптеген игі шаралар атқарылып келеді. Облысымызда жыл сайын Халықаралық студенттер күніне орай арнайы апталықтар өткізіліп, мереке өз дәрежесінде тойланады. Батыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының тікелей басшылығымен биылғы Халықаралық студенттер күніне арналған апталықты өткізуді «ҚазИИТУ студенттері ұйымы» жастар қоғамдық бірлестігінің арнайы жобасы ұтып алды. Орал қаласында жұмыс істеп келе жатқан «ҚазИИТУ студенттері ұйымы» жастар қоғамдық бірлестігі Батыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен, Халықаралық студенттер күніне орай 8-17 қараша күндері аралығында «Жыл үздігі - 2010», «Студенттік жанұя-2010», «Шырқа, гитара!» байқауларын, спорттық жарыстар мен облыстық пікір-сайыс турнирлерін өткізді. Батыс Қазақстан облысында жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында өткізілген бұл шаралар облысымыздағы ЖОО және арнаулы орта оқу орындарының студенттері арасында қарым-қатынасты нығайтуда елеулі рөл атқармақ. Жастарға патриоттық тәрбие беру, олардың ұлтжандылық сезімін арттыру, ортақ бір іске жұмылдыру, жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, белсенділігін арттыру, белсенді жас қоғамды қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, талантты жастарды анықтау, оларға қолдау көрсетуде дұрыс саясат ұстанып келе жатқан «ҚазИИТУ студенттері ұйымы» жастар қоғамдық бірлестігі, Батыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы, «Нұр Отан» ХДП Орал қалалық филиалы «Жас Отан» жастар қанатының әрбір ісі, атқарып келе жатқан қызметтері қашанда студенттер тарапынан қолдау тауып келеді. Халықаралық студенттер күніне орай студенттік апталық аясында оздырылған «Студенттік жанұя - 2010» сайысы облыстағы жас отбасылар мен отбасы институттарының дамуы мен кәсіби құрылуының, білім, мәдени, рухани дамуына ықпалдасуда, отбасы құндылықтарын, ұлттық салт-дәстүрді, салауатты өмір салтын насихаттауда, жастар арасында ҚР Президентінің Жолдауында көрсетілген міндеттерді орындауда, облыстағы жас отбасыларының өзекті мәселелерін анықтап, олардың шешімін табуда, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жастардың қатысуымен үлкендерге деген құрметті арттыруда маңызды рөл атқаратынымен де өзге сайыстардан ерекшеленіп тұрды. Осынау сайысқа киелі қара шаңырақ білім ордамыздан жас жанұя Төлегенов Тұрар Аққалиұлы мен Төлегенова Эльмира Әлібекқызы қатысып, өз өнерлерімен де, өз отбасылық тартымдылықтарымен де өзге жас жанұялардан оқ бойы озық тұрды. Қашанда салт-дәстүрін санасында сақтап, әдет-ғұрпын жадында жаттап өскен жас шаңырақ иелері өздерінің Ләйлім-Шырақ қыздарын да таныстыру арқылы сайыс сәнін келтіріп, кеш көрігін қыздырды. Тағылымға толы тартысты өткен бұл сайыста білім ордамыздың туын жықпай, намысын көтеріп барған Төлегеновтар жанұясы жүлделі I орынды қанжығаларына байлады.

Университет студенттері Халықаралық студенттер күніне орай өткізілген «Жыл үздігі - 2010» байқауында «Дарынды студент» аталымының жүлделі III орнын Джангалиева Гаухар, «Спортшы студент» аталымының жүлделі I орнын Симонова Инна, «Жас ғалым» аталымының жүлделі I орнын Сембаева Динара, «Белсенді студент» аталымының жүлделі II орнын Тажкенов Нұрлыбек иеленіп университет атағын аспандатты.

Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген спорттық шараларда да университет алдан көрініп, жүлделі орындарды қанжығалады. Университет командасы жалпы есепте баскетбол секциясы бойынша жүлделі I орынды, волейбол секциясы бойынша жүлделі III орынды алса, «Үздік ойыншы» аталымын БҚМУ студенті Алиев Арсен иеленді. Армрестлинг бойынша 70 келі салмаққа дейінгі аралықта Мұқанов Тілек III орынмен, 70 келі салмақтан жоғары аралықта Байгелов Тимур I орынмен марапатталды.

Студенттік апталық аясындағы «Шырқа, гитара!» бард орындаушылар байқауы да өте жоғары дәрежеде өтті. Талантты жастарды анықтап, оларға қолдау көрсетуде, студент жастардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыруда бұл байқаудың орны ерекше болды десек қателеспейміз. Байқаудың жүлделі I орнын университет студенті Құсайнова Гүлназ иеленсе, III орынды өнер институтының студенттері Каберов Мейірбек пен Румянцева Лариса өзара бөлісті.

Осынау апталықтың аясында жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері арасында өткен облыстық пікір-сайыс турнирінің шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы орны айрықша болды. Студенттер арасындағы пікір-сайыстың деңгейін көтеруді, пікір-сайыс форматтарын жүйелі түсіндіруді, пікір-сайыс турнирлерін өткізудің ережелерін бір ізге түсіруді, жастардың сыни тұрғыда ойлауын дамытуды көздеген пікір-сайыста көптеген келелі мәселелер көтеріліп, маңызды қарарлар қабылданды. Тартысты өткен пікір-сайыста университет командасы қазақ лигасы бойынша II орынды, орыс лигасы бойынша жүлделі I орынды иеленді.

Халықаралық студенттер күніне орай 8-17 қараша күндері аралығында өткен спорттық жарыстар мен байқаулар 17 қараша күні «Қалалық студент жастарының кешінде» қорытындыланып, жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жастар саясатын жүзеге асыруда елеулі қызмет етіп келетін «ҚазИИТУ студенттері ұйымы» жастар қоғамдық бірлестігіне осы апталықты өткізуге ұйтқы болғанына барша студенттер қауымының атынан алғыс айта отырып, еңбектеріне толағай табыстар тілеймін.

АСЫЛХАНОВА Е.А.,
Қазақ филологиясының 3 курс студенті.

■ *Денсаулық жолы - 2010*

Болашаққа дені сау көзбен қарау

Қазақстанда жыл сайын «Денсаулық жолы» атты кең ауқымды акция өткізіледі. Бұл акцияның мақсаты – ауыл адамдарына әлеуметтік аса маңызды аурулардың алдын алу және оның пайда болу қаупін азайту жөнінде медициналық және ақпараттық оқыту арқылы ауыл тұрғындарын үйрету.

Биыл көру ағзалары ауруларының алдын алуға ерекше назар бөлініп отыр.

Экологиялық жағдайдың нашарлауы, экономикалық дағдарыс, халықтың тұрмыстық жағдайының төмендеуі, тиімсіз тамақтану және дұрыс емес өмір сүру дағдысы, мониторлдың алдында ұзақ жұмыс жасау және кондиционерді пайдалану, зиянды әдеттер және гиподинамия, генетикалық және соматикалық патология, атеросклероз және гипортониялық аурулар, қалқанша без аурулары және қант диабеті – ең басты ақпаратты қабылдау органының функциясының бұзылуына әкелетіндердің толық емес тізімі.

Көз ер адамдарда 95%-ында, ал әйелдерде 98%-ында ақпаратты қабылдайды, көзден күрделі, мидан кейін, ештеңе жоқ. Компьютерде жұмыс жасау, экранның жылтырауы және шағылысуы көздің өткірлігіне зиянды әсер етеді, нәтижесінде көз жүйесінің немесе торқабықтың жасушалары өледі, оларды қайта қалпына келтіру мүмкін еместігінен адам соқырлыққа ұшырайды.

Соқырлықтың алдын алып, мүгедектікке ұшырамау үшін алдын алу шараларын өткізіп тұру қажет.

Естеріңізде сақтаңыздар! Уақытында офтальмологке қаралу Сізге көзіңізді сақтауға және асқынулардың алдын алуға көмектеседі.

Университет медициналық қызмет бөлімі.

В дни Фестиваля науки распахнули свои двери не только подразделения Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова, но и еще около сотни вузов, в том числе в 16 городах России и странах СНГ. Жители Москвы, Владивостока, Иванова, Иркутска, Йошкар-Олы, Нижнего Новгорода, Пензы, Ростова, Санкт-Петербурга, Саратова, Твери, Тобольска, Томска, Тюмени, Челябинска смогли окунуться в мир науки, ведь Фестиваль – это всегда яркий праздник, дающий наглядное представление о достижениях и возможностях современной науки.

Центральными площадками Фестиваля стали: Интеллектуальный центр - Фундаментальная библиотека МГУ, 1-й учебный корпус университета на новой территории, а Центральной выставочной площадкой - Экспоцентр.

В рамках Фестиваля при поддержке Межгосударственного фонда гуманитарного сотрудничества стран СНГ прошел I Фестиваль науки в странах СНГ.

Одной из инициатив МГУ стал конкурс «Ученые будущего», проведенный совместно с компанией Intel для школьников старших классов. С огромным успехом прошел конкурс детского рисунка «Мир науки глазами детей», на который прислали более сотни работ ребята от 4 до 14 лет.

В программу Фестиваля вошли научно-популярные лекции российских и зарубежных ученых, демонстрации научных экспериментов и техники. В рамках Фестиваля прошли выставки научно-технических достижений, экскурсии по музеям и научным лабораториям, дни открытых дверей вузов-участников фестиваля. Не обошлось и без культурной программы со множеством сюрпризов. Так, заключительный концерт (а он был не единственным в рамках Фестиваля) продолжался более 4 часов.

Яркий праздник науки в МОСКВЕ

На площадках Фестиваля можно было узнать, почему в России было такое знойное лето, пообщаться с представителями ЦЕРНа и узнать подробнее о большом адронном коллайдере, полетать на «авиалайнере ФИЯР», посетить «Немецкую Москву», посмотреть на болиды вузовской команды «Формулы Гибрид» (МАДИ), поиграть в «Метро 2010: в катакомбах морали», изготовить и получить высококачественную дактилокарту, посмотреть «Современную юридическую сказку», узнать, что смех – дело серьезное, увидеть соревнования роботов, страну «Зазеркалья» и многое, многое другое…

Мероприятия Фестиваля посетили более 300 тысяч человек, причем половина пришлась на центральные площадки МГУ имени М.В.Ломоносова и ЦВК «Экспоцентр» на Красной Пресне. Участниками праздника науки в Москве стали десятки вузов, академические институты, государственные научные центры, научные музеи и другие организации.

Фестивали науки давно и успешно развиваются во многих странах мира, начало этой традиции положила Великобритания. Еще в начале XIX века там поняли, как важно объяснять обществу, что происходит в лабораториях ученых, насколько меняется качество жизни благодаря научным исследованиям, как наука влияет на жизнь человека. В наши дни роль фестивалей науки особенно возросла. Ведущие государства мира связывают свое будущее с инновационным путем развития и стремятся заручиться поддержкой общества в этом процессе, рассказывая людям, далеким от науки, о новых исследованиях и экспериментах и о пользе такого пути развития.

Идея проведения фестивалей науки получила всемерную поддержку со стороны правительства Москвы - города, где сосредоточено более половины всего научного потенциала России. Одной из важнейших, приоритетных задач правительства Москвы является подготовка высококвалифицированных, творчески мыслящих молодых специалистов, способных обеспечить устойчивое инновационное развитие экономики города, продолжить лучшие традиции отечественной прикладной и фундаментальной науки.

В России первый Фестиваль науки прошел в 2006 году по инициативе Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова и на его территории. Этот опыт оказался настолько удачным, что, начиная со следующего, 2007 года, Фестиваль вышел на городской уровень.

Уже в прошлом году Фестиваль уверенно вышел за рамки события городского масштаба, в нём участвовал целый ряд научных и образовательных центров из других субъектов Российской Федерации, представляющих свои лучшие научные проекты, инновационные разработки, экспериментальное оборудование, учебные и исследовательские программы.

ЗКГУ им. М.Утемисова принял участие в юбилейной выставке науки впервые и представил следующие презентационные материалы:

- баннеры: Университет сегодня, Инновационное развитие ЗКГУ;
- издательские материалы ЗКГУ (книги и методические пособия);
- электронные учебники, видеоматериалы (видеолекции, мастер-классы);
- стереоскопический 3D-плакат: «Виртуальный Уральск»
- стерео-брошюра ЗКГУ им. М. Утемисова;
- серия стерео-брошюр по краеведению;
- виртуальный панорамный тур по университету;
- навигационная карта университета;
- автоматизированная система «Антиплагиат»;
- электронный журнал: E-Journal v.1.0.;
- фильм о ЗКГУ им. М. Утемисова;

Наш университет представляли сотрудники центра информационных технологий: Жусипкали Назбек и Мухамбетов Миржан.

Участие в данном мероприятии способствует обмену информацией в области последних достижений науки и техники, позволяет шагать в ногу со временем.

По окончании фестиваля всем участникам были вручены благодарственные письма от имени ректора МГУ, академика В.А.Садовничего.

***ГАБДУЛЛАЕВ Д.Г.,** директор ЦИТ.*

Будущее - ЗА АКТИВНОЙ МОЛОДЕЖЬЮ

В рамках проекта «Болашақ жастар үшін» с целью повышения продуктивной инновационной активности молодежи Ассоциация «Болашақ» проводит серию встреч и образовательных семинаров по всей стране. В качестве лекторов выступят эксперты в сферах индустриально-инновационного развития, малого и среднего бизнеса, государственной политики.

12 и 13 ноября в Западно-Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова в г. Уральск проведен четвертый региональный семинар (Уральск, Атырау, Актау, Актобе). Образовательная программа включает модули по темам «Юридические аспекты индустриально-инновационного развития», «Повышение конкурентоспособности человеческого капитала в условиях инновационной экономики», «Влияние таможенного союза на экономику Республики Казахстан», «Управление человеческими ресурсами: создание благоприятной атмосферы в коллективе», а также модули по привитию навыков функциональной презентации, продвижения инновационных проектов, развития критического мышления и аналитического письма, ориентации в информационных потоках, консультации по карьере и личностному росту.

В качестве лекторов выступили Динара Джаненова, заместитель директора департамента кадрового обеспечения Агентства по делам государственной службы РК, Джанибеков Дияс, заместитель начальника управления предпринимательства и промышленности Западно-Казахстанской области, и Аян Альжанов, проектный менеджер Ассоциации «Болашақ».

От ЗКГУ на семинаре приняли участие и получили сертификаты:

Н.Жакиев, М.Мухамбетов, С.Муканов, М.Молдагалиева, А.Таниева, Е.Абдугаллиева, Н.Даупаев, О.Чукалина, А.Жаксыгалиева, Г. Набиева, Г. Жахиева, Г.Муканова.

n ***Кездесу***

Ару Ақжайықтың төсінен орын тепкен еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі де бірегейі саналатын М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті өмірге талай талант иелерін сыйлады. Республика көлемінде сөз қозғасақ, өзінің қарымды қадамдарымен саясат әлемінде өзін мойындатып, тарихымызда өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлгерген Иманғали Тасмағамбетов, тәуелсіз қазақ елінің білім көрсеткішін көтеріп, ғылым көкжиегін айқындап берген, өз ісінің хас шебері Бірғаным Әйтімова, от ауыз, орақ тілді абыз ақын Мэльс Қосымбаев - осынау қара шаңырақтан түлеп ұшқан дарабоздар. Солардың қатарында аты ардақталуға, атқарған ісі мақтануға тұрарлық жан, сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, өмір айдынына баптап қосқан ұлағатты ұстаз Софья Шаймарданқызы Иманғалиеваның өнегелі өмірі мен еңбек жолы - ұрпаққа үлгі.

Ұлылықпен үндесудің өзі де – ұлы бақыт

Университет қабырғасында үстіміздегі жылдың қазан айының 28-жұлдызында еңбек және тыл ардагері, КСРО-ның, Қазақстанның үздік білім қызметкері атанып, есімі аңызға айналған Софья Шаймарданқызымен тағылымға толы кездесу кеші өтті. Кездесуді ашқан университеттің Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Даришева Түймеш Малбағарқызы өзінің алғысөзінде ұстаз деген ұлы есімнің прототипіне айнала білген аңыз адам – Софья апайдың өнегелі өмірі мен өлшеусіз еңбек жолына кеңінен тоқталып өтті.

Софья Шаймарданқызы 1933 жылы Орал қаласында, қарапайым отбасында дүниеге келеді. Балалық шағы мен жас кезі қиыншылықта өтіп, жалпы білім беретін №6 мектепте білім алады. Ал 1943 жылы ата-анасымен бірге Украинаның батысында орналасқан Тернополь облысына қарасты Чортківе қаласында тұрады. Украин тілін меңгеруге тура келіп, Тернополь қаласында 7 сыныпты аяқтаған ол туған жерге оралады. Елге оралғаннан кейін 8 сыныпты қаладағы №1 қыздар мектебінде оқи жүріп, сынып белсендісі, қоғамдық жұмыстардың үздігі болып көзге түскен жас қыз спортта да талайды таңдай қақтырады. 1953 жылы Оралдағы педагогикалық институттың қабылдау емтиханынан сүрінбей өтіп, студент атанған Софья апайдың кейінгі еңбек жолдары халық, мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Еңбек ардагері», «В.И.Ленин 100 жылдығы», «Ұлы Отан соғысына 60 жыл», «ҚР-ның Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық төсбелгілерімен, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2009 жылы 4 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Алғыс хатпен», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттарымен марапатталады.

Ұстаздық – әркімнің қолынан келе бермейтін ұлы іс, қыр-сыры мол, қажырлы еңбек пен талмай ізденісті қажет ететін мамандық. Өз ісін шын беріле сүйген ұстаз бейнесін Софья апайдан көруге болатынына көз жеткіздік. Кеш барысында болған өнеге мен өсиет тұнған ашық әңгімеден ұстаз ұлылығын ұқтық. Өмір жолынан бастаған әңгімесін Софья апай кейін осы ұлы өнер иелері шәкірттерінің жүректеріне қуат құйып, көңілдеріне шуақ нұрын сеуіп, өмірге деген құштарлық сезімдерін оятатынын да нықтап айтты. Қашанда жоқтаушысы болмаса батырдың ерлігінің, жақсының жақсылығының өзі күңгірттеніп, бара-бар құмға сіңген судай із-түссіз жоғалатынын жадыларында жаттап өскен университет студенттері кеш көрігін қыздырып, ұстаз Анаға көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Өз кезегінде Софья апай әрбір қойылған сұраққа шынайы жауап беріп, ұлылығымен де студент жастарды тәнті ете білді. Жақсы ұстаз болу үшін ең алдымен не қажет деген сауалға, кеш қонағы «ұстаздар жүрек жылылығы мен адамгершілік ұлылығын шәкірттерінің бойына сіңіре отырып, асқан мейірімділік пен шапағатты, шексіз білім мен шебер біліктілікті, ізгілік пен ізеттілікті өз өмірлеріне серік етіп, адалдық пен әділдікті жанына жалау еткенде ғана шәкірт жүрегінен, ел жүрегінен орын алмақ» деп ұтымды да ұтқыр жауап берді. Өнер институты музыкалық білім мамандығының оқытушылары әдемі әңгімемен өрілген кездесуде әсем әнмен кеш шырайын келтіріп, Софья апайға жүрекжарды тілектерін жолдады. «Нағыз ұстаз - айтқанын екі еткізбейтін, үстінен ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіз, ақыл-ой парасатына да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе алмайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана оқушысына үлгі-өнеге көрсете алады. Ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады» - деп, екінші ұстаз әл-Фараби айтқан ұлы сөз Софья Шаймарданқызына арналғандай әсер қалдырады.

Көпшілік алғысы мен құрметіне бөленген адаммен кездескенде, нағыз бақыттың не екенін ұғынып, еріксіз тамсанып, тұла бойыңды әдемі бір әуен кернейді екен. Міне, біз Софья апайды алғаш кездестіргенде осындай сезімде болдық. «Кімде-кім басқалар бақытты болсын деп, ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемділікке бөленіп, жұлдызы жанады»,-деп ұлы ұстаз А.Сухомлинский айтқандай, Софья апайымыздың жасы 80-ге таяса да, өзінің күш-жігерін аямай, барлық өнегелі ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнауы, зейнеткерлікке шыққан соң қала өміріндегі барлық іс-шаралардың ұйытқысы болуының өзі үлкен ерлік дер едім.

Осынау тағылымға толы кеш соңында сөз алған университеттің Тәрбие жұмысы жөніндегі жетекшісі Исатаев Мейрам Исатайұлы ұлы ұстаздың ұлылығын тілге тиек етіп, «Болсайшы ұстаздардың бәрі осындай» деп баға бере отырып, кеш қонағына ескерткіш сыйлықтар табыс етті. Өмір өрнектері осылай өрілген ұлағатты ұстаздың жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері өзгелерге үлгі боларлықтай.

АСЫЛХАНОВА Елдана,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 3 курс студенті.

ДЕНЬ милосердия

С 1-го октября в Республике Казахстан проводятся акции милосердия, приуроченные к международному Дню пожилых людей.

Студенты и преподаватели института культуры и искусств ЗКГУ им. М.Утемисова не остались в стороне, проведя благотворительный концерт в доме престарелых и инвалидов, который состоялся 19 октября. Мы не раз убеждались, что жителям дома инвалидов не столько важна концертная программа, сколько сам приезд артистов. Желание пообщаться, услышать любимые песни, стихи собрали зрителей задолго до приезда студентов и их выхода на сцену. Выход каждого артиста сопровождался бурными аплодисментами. На сцене выступили лучшие студенты и преподаватели института – лауреат областного конкурса «Дала дарындары» Азамат Кабиев с композицией «Асылым», Э.Таудаева, К.Елемесова, Р.Нурсултанова, особыми овациями зрители наградили дуэт А.Баймагамбетова и А.Кабиева, исполнивших песню «Жас даурен».

Концертная программа плавно перешла в выставку изобразительного искусства, на которой были представлены работы преподавателей живописи кафедры «Прикладного искусства и профессионального образования» Отарова М.Т., Сейтимова А.Г., Мадирова К.Н. и других мастеров.

Зрители были рады пообщаться с артистами за пределами сцены, искренне поблагодарив их за выступление.

В заключение директор Дома престарелых – Баянов Амангельды Газезович - поблагодарил студентов и преподавателей за концерт и пожелал всем пристуствующим здоровья, добра и счастья.

Кто-то из зрителей сказал: «Теперь приедут только в следующим году» - и стало немного грустно. Ведь это правда, мы вспоминаем о них так редко, а ведь им нужно так мало – несколько минут внимания. Милосердие – это не пышные концерты, это память и забота о тех ветеранах, которые с нетерпением ждут нас каждый день.

УТЕГЕНОВ И.У.
Зам. директора института культуры и искусств.

Өткен шақ – балдырған балалық,
Осы шақ – жастығым жандырған,
Келер шақ – қарттықтан даналық,
Ұрпаққа мұра боп қалдырған.
Руслан Нұрбай

«Ару аналар» ыстық ықыласқа бөленді

Іргелі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазан айының алтыншы жұлдызында қариялар күніне орай облысымыздағы түрлі мәдени, мерекелік шаралардың көркіне айналған «Ару аналар» вокалдық ансамблі көтеріңкі көңіл-күй сыйлар кезекті мерекелік концертін тарту етті.

2009 жылы құрылған бұл шығармашылық топтың құрамында еліне адал еңбек еткен, ұрпағына мейірім шуағын төккен, ұлтының мәдениетін ұлықтаған, салт-санасын ұмытпаған, ұлтжанды азаматтарды өсіп-өндірген батыр-аналар өнер көрсетеді. «Ана көрегендігінің теңдесі жоқ-ау, сірә». Жұмыла жұмыс атқарғандарына көп уақыт өтпесе де «Ару аналар» көпшіліктің жүрегіне жол тауып, ыстық ықыласқа бөленді. Орал қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, ел игілігі үшін елеулі еңбек еткен зейнеткер, ұжымның жетекшісі Саржанова Клара Бақтығалиқызы сөз сөйлеп, тыңдармандармен ой бөлісті. Өнерлері бірінен-бірі басым әжелер қауымы залды әнмен әрлеп, өлеңмен өріп, қазақтың киелі қара домбырасында да құйқылжыта ойнап, көрерменді қайран қалдырды. Кеш барысында «Ару аналар», «Менің елім», «Оралдың ерке самалы», «Еділ мен Жайық», «Ақжайық - ару мекенім», «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру», «Туған жер», «Марш веселых ребят», «Вечер на рейде» сияқты әр түрлі жанрдағы әндермен бірге соғыс жылдарындағы әндерден попури орындалды. Жылы жүректен шыққан қайсыбір тартуы болмасын көрермен қауымның көңіл көкжиегіне жеткен жанға дәру дүние болды деуге болады. Күллі адамзат баласы қарыздар жалғыз жан болса, ол – бір қолымен балғын бөбегін бесікте тербетіп, енді бір қолымен әлемді әлдилеген әйел-ана. Міне, осындай адалдық пен адамдықтың айнымас нышаны болған «Ару аналар» тобының құрамы - қазақ, орыс, татар, украин, корей халықтарының басы қосылған татулықтың тұтқасы. Көздерінен мейірім, сөздерінен қайырым лебі ескен ақ жаулықты аналардың алдында университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі Мейрам Исатайұлы мен студеттік кәсіподақ төрайымы Мейрамгүл Сралиева ізгі лебіздерін білдіріп, өнерімен сусындатқан барлық «ару аналарға» гүл шоқтарын табыс етті. Кеш соңында жүректерінен жылылық, тілектерінен даналық сезілетін ақ жаулықты асыл аналардың ақ батасын алдық. Әдемі өмір өрнегіндей әр жүрекке әсем әнмен әр берген ару аналар, әзиз әжелер, әманда ғұмырлы болыңыздар, ұрпаққа берер ұлағаттарыңыз мол болғай!

МҰРСАЛОВА Ж.А., *студент.*

Шығармашылық көрме

Қазан айының 14-і күні қайырымдылық апталығына орай «Көркем қолданбалы өнер және кәсіби білім» кафедрасының оқытушыларымен бірігіп, «Сәндік-қолданбалы өнер және мәдениет» бөлімінің студенттік деканаты Орал қаласындағы облыстық есту және сөйлеу қабілеттері төмен балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында көрме ұйымдастырды. Студенттердің қолымен жасалған бұл шығармашылық жұмыстар балалардың жанына жақын боп шықты. Көрмеге қойылған 17 жұмыстың құрамы тоқылған гобилендер, қазақ, орыс ұлттарының ұлттық киімдері, пейзаж, графикалық жұмыстармен топтастырылды. Өз ойларын тілмен жеткізе алмаса да, өзара талқылап жатты.

Мектеп директорының айтуынша, балаларға арнайы қолөнер сабақтары жүргізіледі екен. Белгілі бір жас ерекшелігіне байланысты интернат тәрбиеленушілерін үш топқа бөліп оқытады. Әр түрлі киімдер тігу, қолөнер бұйымдарын жасау, майлы бояумен суреттер жазу - барлығы да олардың күнделікті іс-әрекеті болса керек.

Көрме соңында балалар ескерткішке суретке түсіп, мерекелік әсер алғандай болды. Біз болсақ, оқушылардың өздері тіккен сахна киімдерімен, ағаштан, моншақтан жасалған әр түрлі жұмыстарымен таныстық. Екі сағат уақытқа созылған көрме нәтижесі жақсы көңіл-күй сыйлағанымен қоймай, тәжірибе алмасқандай болдық.

ЕСЛЯМҒАЛИЕВА З.,
Сәндік қолданбалы өнер және мәдениет бөлімінің студенттік деканы.

Бизнес-форум - новые возможности

9 сентября 2010 года в ресторане «Золотой век» был проведен II Бизнес-Форум молодых предпринимателей, организованный молодежным общественным объединением «Центр молодежных инициатив «Жардем-Содействие».

Основной целью форума являлось содействие в развитии молодежного предпринимательства и возможности выхода малых компаний на новые зарубежные рынки. Следует отметить, что Бизнес-Форум является одной из платформ для открытого диалога между молодыми предпринимателями и заинтересованными кругами.

Взаимодействие будет способствовать появлению новых партнерств на рынке, расширению границ бизнеса и повышению профессиональных навыков молодых бизнесменов.

В Бизнес-форуме принимали участие студенты нашего университета: студент специальности «Государственное и местное управление» Мендыгалиев Аскат и студент специальности «Международные отношения» Берсекенев Талгат.

Хотелось бы выразить пожелание, чтобы такие мероприятия проводились часто, ведь в период глобализации выход малых компаний на зарубежные рынки представляет собой один из приоритетных секторов экономики Казахстана.

На мой взгляд, данный Бизнес-Форум способствует развитию возможностей малого бизнеса, выходу предприятий малого бизнеса на мировой рынок.

Интеллектуальные игры

28 сентября в рамках празднования 78-летнего дня рождения университета в институте экономики и управления студенческим деканатом совместно с дирекцией института была проведена интеллектуальная игра для студентов 1 курса под названием «Моя родная alma-mater».

Основной целью данного мероприятия было ознакомление первокурсников с традициями и богатой историей университета.

Игра состояла из 3-х туров. Студенты приняли в ней активное. По окончании игры победители были награждены дипломами. Такие мероприятия должны проводиться часто, ведь это способствует повышению интеллектуального потенциала студентов университета.

Деловая игра ко дню финансиста

11 ноября в институте экономики и управления в преддверии дня финансиста среди студентов 1-3 курса была проведена деловая игра «Юный финансист», организаторами которой являются студенческий деканат и стипендиаты Н.А.Назарбаева.

Основной целью данной игры была активизация познавательной деятельности студентов. Игра состояла из 4-х туров: 1 тур - «Верно или неверно», 2 тур - «Все понемногу», 3 тур - «Вопрос от преподавателя», и 4 тур - «Каким вы представляете будущее ЗКГУ им. М. Утемисова». В течение всей игры студенты активно отвечали на вопросы и выполняли задания, демонстрируя свой кругозор как в области политики, экономики, культуры, так и в области обществознания. Студенты института на протяжение всей игры показали отличные результаты.

По итогам игры были определены следующие победители: 1 место – команда «Революция», 2 место – команда «Гений».

Хотелось бы отметить, что проведение таких деловых игр будет способствовать формированию креативного мышления студентов нашего университета.

МЕНДЫГАЛИЕВ А.,
Студенческий декан института экономики и управления.

«Я - будущий БУХГАЛТЕР»

В институте экономики и управления 7 октября была проведена интеллектуальная игра «Я-будущий бухгалтер», посвященная международному Дню бухгалтера, в которой приняли участие студенты 2, 3 курса.

Цель игры – определение эрудированности студентов, развитие научных интересов в области экономики. Игра состояла из 4 туров. Участие приняли 2 команды: 1-я команда, состоявшая из студентов 3 курса, называлась

«Сообразительный Аудитор»; 2-я команда- «Шестое чувство» состояла из студентов 2 курса.

Жюри оценивало их по разной шкале баллов в зависимости от тура. У каждой команды были свои оригинальные эмблемы, которые тоже оценивались жюри. Туры игры были по-своему интересны, а участники с быстро отвечали на вопросы по экономической теории базового уровня, и отлично показали себя в области мировой экономики и географии, также давали определения экономическим терми-

нам. Все участники команд, а также члены жюри, остались довольными интересной, увлекательной игрой. По итогам игры команды, отличившие скоростью мышления, ораторством и знаниями, были награждены призовыми местами. Команда «Сообразительный Аудитор», занявшая 1 место, и команда «Шестое чувство», занявшая 2 место, были награждены дипломами.

Хочется пожелать, чтобы в дальнейшем наши студенты также отлично показывали себя в научных достижениях, чтобы наш университет и наша страна гордилась таким подрастающим поколением!

КАДРАЛИЕВА Диана,
студентка специальности «Бухучет и аудит».

Альянс Студентов Казахстана

Альянс Студентов Казахстана – мощнейшее студенческое движение нашей страны. В течение пяти лет это объединение занимается организацией студенческой жизни. Каждый год в ряды АСКеров встают сотни и сотни студентов со всего Казахстана, выражая свою активную гражданскую позицию.

Начавшийся учебный год не стал исключением. 7 октября 2010 года студенты Западно-Казахстанского государственного университета имени Махамбета Утемисова стали свидетелями шестой презентации Альянса Студентов Казахстана. На мероприятии присутствовали представители городского штаба АСК Уральска, студенты нескольких учебных заведений города, заинтересованные первокурсники нашего университета.

Открыла мероприятие лидер АСК ЗКГУ Тараскызы Аймира с приветственной речью и ознакомила студентов с составом городского штаба. После студенческого омбудсмена нашего университета слово было предоставлено лидеру городского штаба, студентке ЗКАТУ имени Жангир-хана Туманбаевой Салтанат. Она, поприветствовав студентов ЗКГУ, рассказала об истории АСК, его целях и достижениях, которых за последнее пятилетие накопилось немало. Также были упомянуты имена ярчайших АСКеров прошлых лет, внесших огромную лепту в дело развития молодежной политики нашей области и страны в целом. В конце своей речи лидер городского штаба рассказала о ближайших планах Альянса Студентов Казахстана, в реализации которых смогут непосредственно поучаствовать приглашенные первокурсники.

Мероприятие традиционно закончилось гимном Альянса Студентов Казахстана, который был исполнен АСКерами под аплодисменты всех зрителей.

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ
для идущих вперед

Программа по выдаче грантов разработана с целью предоставления финансовой поддержки лучшим студентам казахстанских университетов для дальнейшей учебы. Данная программа служит стимулом для улучшения знаний и профессиональных навыков. Данный грант выплачивается университету в пределах 200$ США в течение учебного года при предоставлении счета за оплату обучения.

Чтобы выиграть этот предоставленный грант, надо соответствовать следующим критериям:

1) Наличие справки от университета на студента с оценками за весь период обучения (средняя оценка должна быть не ниже 4,5)

2) Наличие дипломов, полученных за участие в научных конференциях и конкурсах.

3) Положительное рекомендательное письмо, подписанное представителем факультета университета, в котором обучается студент.

Для меня, автора этой статьи, честь быть стипендиатом данной программы. Обладатели гранта являются примером для других студентов. Хорошо, что существует такая программа, которую разрабатывает КПО в целях финансовой поддержки. Эта поддержка является стимулом для дальнейшего обучения. Но для получения этой стипендии мне пришлось пройти нелегкий путь. С 1 курса я учусь на отлично, выступаю на научных конференциях, увлекаюсь дебатами. Я буду и дальше отлично учиться, развивать свои творческие способности. Хотелось бы пожелать остальным студентам, чтобы они показывали себя с положительной стороны в области науки, в студенческой жизни и стремились получить данную стипендию.

КАДРАЛИЕВА Диана,
студентка института экономики и управления.

Әлемдегі терең сыр
Ғылыммен ғана ашылмақ.
Сұлтанмахмұт Торайғыров

Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық деп, - Абай атамыз айтқандай, ғылым - талай талаптылардың, білімділердің кіндігін кескен білімнің ең жоғарғы сатысы. 2010 жылы 7-9 қазан күндері Ресей Федерациясының Пенза қаласында Қазақстан мен Ресей Федерациясының аймағында «Светлая поляна – 2010 - Территория успеха» жастардың инновациялық форумы өткізілді.

Білімгерлер
Пензада бас қосты

Форум негізінде Ресей Федерациясындағы Пенза қаласында орналасқан Бизнес инкубаторлармен таныстырды. Дөңгелек үстел «Пенза облысында жастар кәсіпкерлігін дамыту жолдары мен мәселелері» тақырыбында оздырылды. Форумға Пенза облысының Білім министрінің орынбасары Воронков А.Г., Пенза облысының Губернаторлығы жанындағы Жастар Кеңесінің төрағасы Маслов П.С., «Бизнес консалтинг» агенттігінің басшысы Кондратьев Э.В. және студенттер мен шақырулы қонақтар қатысты. Дөңгелек үстелде Бизнес және жас кәсіпкер болу үшін қандай қасиеттер болу керек, жалпы бизнесті неден бастау керектігі туралы мәселелер қозғалып, слайд арқылы сызбалар көрсетілді. Форумға қатысқандағы негізгі мақсат - Қазақстан мен Ресей Федерациясының жас ғалымдары және жас кәсіпкерлері арасында өзара тәжірибе алмасу. Жастардың атынан университет ректоратына, университет ректоры, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбековке алғыс білдіреміз.

ЖАҚСЫҒАЛИЕВА А.С., *студенттік ректор.*

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жазғы демалыс кезінде өз еріктерімен жұмыс жасаймын деген студент-жастарды еңбекке жұмылдыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Биылғы жылы III еңбек семестрінде университеттен 6 студенттік құрылыс жасағы, 3 жасыл ел жасағы құрылып, жұмыс атқарды. 2010 жылдың 30 қыркүйек күні Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының III еңбек семестрінің салтанатты жабылу рәсімі өткізілді.

Аталмыш шарада «Үздік оқу орны», «Үздік командир», «Үздік сарбаз», «Үздік жасақ», «Үздік ұйымдастырушы», «Үздік жас сарбаз», «Үздік жұмыс беруші», «Үздік бұқаралық ақпарат құралы» номинациялары бойынша үздіктер анықталып, белсенді жұмыс атқарғандар марапатталды. Қорытынды бойынша «Үздік оқу орны» номинациясымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті марапатталды. «Үздік ұйымдастырушы – 2010» номинациясымен университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі М.И.Исатаев марапатталса, «Үздік жасақ – 2010» номинациясына университет жанынан құрылған «Фемида» студенттік құрылыс жасағы мен «Томирис» жасыл ел жасағы лайық деп танылды. Сонымен қатар III еңбек маусымында белсене атсалысқаны үшін «Болашақ» жасағының командирі М.Сралиева, «Фемида» жасағының жауынгері А.Мұстафа, «Атамекен» жасағының жауынгерлері М.Қаресов, Н.Айтбаев, «Семсер» жасағының командирі Д.Есқали арнайы алғыс хаттарға ие болды.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студент-жастары III еңбек семестрінде «Жасыл ел» жасақтары мен студенттік құрылыс жасақтарында еңбек етті. Студенттер Орал қаласының көркеюіне, жасыл қалаға айналуына үлес қосып қана қоймай, демалыстарында еңбек етіп, әрбір сарбаз ай сайын істеген еңбегіне қарай жалақы алды. Мен өзім «Тұмар - 2010» жасағының сарбазы болдым.

«Жасыл елде» III кезеңде, яғни 2-тамыздан 27-тамызға дейін еңбек еттім. Тобымыздың басшысы студенттік ректор Жақсығалиева Әлфия болды. Жасағымызда жиырма бойжеткен жұмыс жасады. «Ынтымақ істі бітірер»,-дегендей, қолымызға күрек ұстап, жол бойында жер қазу, ағаш бұтақтарды машинаға тиеу секілді маңызды шаруалармен айналыстық.

«ЖАСЫЛ ЕЛ»
ұлтжандылыққа баулиды

Жексенбі демалыс күндері біз Шалқар көліне барып, суға шомылып, әр түрлі спорт ойындарға қатысып, жақсы демалып қайттық. Жазғы демалысымды тиімді де пайдалы өткіздім деп ойлаймын.

Бүгінгі жас – ертеңгі елдің үміті. Ел жастарының отансүйгіш болуы маңызды-ақ. Ал елге, жерге деген сүйіспеншілік еңбекпен даритын қасиет. Осы асыл қасиетті дамытуда «Жасыл ел» еңбек жасақтары біршама жұмыс атқаратыны сөзсіз.

Туған қаламыздың гүлденуіне, тазаруына өз үлесімді қосқаныма өте қуаныштымын. Студент жастарды отансүйгіштікке, тазалыққа, еңбекке баулитын «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының ғұмыры ұзақ болып, еліміздің көркеюі үшін атсалысайық дегім келеді.

КИЛИШЕВА Н., *Филология факультеті шет тілі: екі шет тілі мамандығының 03302-топ студенті.*

2 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында ҚМДБ БҚО өкіл имамы Смайл Сүйірқұлұлы Сейітбеков, ҚРММ БҚО бойынша Діни істер департаментінің бас маманы Ғилымбек Жәдігерұлы Мәжиев, «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләззат Ғиниятқызы Шағатай, БҚО Ішкі саясат басқармасының бас маманы Баянгүл Қуандыққызы Жакиевалар қатысты. Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі Мейрам Исатайұлы Исатаев жүргізген бұл кездесу жатақхана жастарына арналған сұрақ-жауап алысқан, маңызы зор шара болды.

Бүгінде діни экстремизм жайында студенттер арасында көптеген мәселелер төңірегінде пікірталас, түрлі діни бағытқа ауытқушылығы туындап жатырғаны ақиқат. Діни бағыт дегеніміз не, діни ағым дегеніміз не, жастар арасында белең алып отырған осындай көкейкесті мәселенің ақ-қарасын ашып айтып, ненің не екенін ұғындыру мақсатында жатақхана студенттерінің арнайы мамандармен болған кездесуі - тәлім-тәрбиеге толы маңызды кеш болды.

«Дәстүрлі дініміз бен біздің ата-бабаларымыз 1200 жыл бойы ұстанып келген ханафи мазхабы мен кейіннен шыққан діни ағымдар жайында қандай айырмашылық бар екендігін түсіндіріп өтсек, қазіргі таңда студент жастар арасында намаз оқитын жастарымыз дінді өзінің санасына сыйғызатын дәрежеде қабылдап өзге ғалымдарды, өзге дінді ұстанушыларды, мазхаб өкілдерін адасушы ретінде санайтұғын жастарымыз пайда болды. Оның бәрі діни сауатсыздықтың, надандықтың нәтижесі. Ислам діні келгеннен кейін исламда 4 мектеп қалыптасты. Мұсылманның 90 пайызы осы мазхабты ұстанады. Ханифа мазхабы, шафи, ханбали және малики мазхабы. Еліміздің ұстанатын мектебі Абу-ханифа мазхабы. Таза мұсылманмын деген адам осы төртеуінің бірін ұстайды. Төртеуінің бірін ұстамаған адам – жаңа бағыт, бұл адасушы бағыт болып есептеледі. Олардың түсінігі бойынша патша, әкім деген жоқ, намаз оқыған кезде арамыздан біреуіміз шығып намазды өткіземіз, қалған кезде патша деген болмайды, - дейді. Бұл - ешқандай мұсылман басшысын қабылдамайтын, радикалды теріс бағыттағы топ. Қазір жастардың арасында осындай түсінік бар, имамға, мемлекетімізге бағынудың керегі жоқ, еліміз шариғат мемлекеті емес, біз имамды тағайындағанымыз жоқ деген теріс пікір ұстанады. Бұл - адасқан топтың идеологиясы. Ислам деген өзгелерді мұқататын, өзгелерді кәпір деп санайтын, сен тозаққа барасың деп үкім шығаратын дін емес. Ислам деген - адам жүрегінен орын табатын дін. Біз көріп жатқан дөрекілік, жасалып жатқан зұлымдық, іс-әрекеттер исламдікі емес. Ол - радикалды тар шеңберді қолданатын мұсылманның қолдан жасап алған діні.

СЕКТА – діннің ең қауіпті бағыты

Басшыға бағыну, әміршіні тыңдау, мемлекет басшысын тыңдау, осы төрт мектептің ұстанатыны бір. Тек тыңдамайтын топтар бар, біз оны харижилер дейміз. Қазіргі заманымыздағы радикалды мұсылмандар. Неше түрлі жарылғышты жасап отырғандар олар шынайы мұсылман емес. Ислам діні бойынша, Мұхаммед пайғамбарымыз бұйырады: «Кім де кім өзін-өзі өлтірсе, тозаққа барады» дейді. Яғни, суицид дейміз. Қазір дұрыс қолданбайтын сөз бар, шахидтер деген. Метроны жарса, немесе басқа да жерлерді жарса шахидтер деп атап жүр. Олар шахидтер емес. Ол қайда шахид болады, егер расында да майдан алаңында соғысып өлсе. Біріншіден ол адам жарылғыш затпен өзін-өзі өлтіріп отыр, екіншіден Құран кәрімде айтады: «Жазықсыз бір адам өлтірсең, жер бетіндегі бүкіл адамды өлтіргендей күнаға батасың». Ол жерде екі күнәны арқалап отыр. Бірінші өз-өзін өлтірді, екіншіден басқа бейкүнә адамдарды өлтірді. Шариғат бойынша бұған қатаң тыйым салады. Мен солай жасадым деп айту немесе соны дұрыс деп тану - бұл исламнан емес. Ислам сақал мен қысқа балақтан тұрмайды. Исламның негізгі шарты ол емес. Исламның бес парызы бар – Алладан басқа тәңір жоқ екендігіне сену, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылыққа бару. Сол бауырларыма айтарым, ислам дінін сақалменен, балақпенен шектеп, ата-анасының берген етін жемеймін деп шектеп тастау дұрыс көзқарасқа жатпайтын дүние. Бұл - адасушылық. Дұрыс дінімізді ұстанайық, анау айтты, мынау айтты деп, теріс бағытқа кетіп жүрмеңіздер – деп имам С.Сейтбеков жастарға айтқан өз сөзін түйіндеді.

«Сіздерге арналған басты мақсат - білім алу,- деген үндеуімен бастаған Діни істер департаментінің бас маманы Ғ.Ж.Мәжиев, - Ата-ана, қоғамның тума-туыстарыңыздың сізден сұрайтыны - білім алу. Қазіргі қоғамды қынжылтатын жайт - сіздердей жастардың экстремистік бағытты қолдайтындардың қатарынан табылып отырғандығы. Жастар арасында жоғары оқу орнында оқитын қыз бала болсын, ер бала болсын, студенттер арасынан теріс бағытта кетіп жатқандар табылып отыр. Олардың айтуынша, білім алу қажет емес екен, мемлекетке бағынудың қажеттігі жоқ деген пікір. Қазіргі таңда теріс бағытты ұстанатындар Батыс Қазақстанда пайызға шаққанда 18-29 жас аралығындағы жастардың 70 пайызын құрайды. Теріс бағыттағы ағым өкілдері жастармен қалай тіл табысу керек екенін, қалай өздеріне тарту керек екенін біледі. Студенттік кезеңде әртүрлі жағдайлар болады. Сіздер қиналып жүрген уақытта, олар сіздің қасыңыздан табылады. Мысалы сіздер ақша жағынан, немесе сабақ жағынан, басқа да жағдайлар тарапынан қиналып жүрген уақыттарыңызда, осы сәттеріңізді пайдаланып, ақша, көлік, ұялы телефон деп материалдық жағынан көмек беруі мүмкін. Сіздер, өздеріңіз олардың нұсқамасымен айналаңыздағы адамдарды тартып, теріс ағыммен кеткендеріңізді де байқамай қаласыз. Сіздер өздеріңізге не керек екенін білулеріңіз керек. Қазіргі заман талабы - сол. Сіздердің бойларыңызда өздеріңізді қорғау иммунитеті болсын. Өз өмірлеріңізге балта шауып, өз өмірлеріңізді бұзып алмаңыздар.Сіздерден ел не күтеді, ата-ана не күтеді? Сіздерден әрбір басқан қадамдарыңызды нық басып, қателеспеулеріңізді сұраймыз, - деп нақтырақ ескерте түсті.

Баянгүл Қуандыққызы да діни сектаны шартты түрде санаға шабуыл жасауды мақсат ететін және белгілі бір мүдде үшін әрекет ететін секта деп екі түрге бөліп қарастырып, діни ағымның түрлеріне тоқталды. Қазіргі таңда облысымызда 80 діни бірлестік тіркелген, оның 46 мұсылмандық, 17 протестанттық, 14 православтық, 1 католиктік, 1 бахаи, 1 буддалық бар екендігі анықталған. Б.Жакиева: «Бүгінгі күні Қазақстанда ваххабизм, Ата жолы, Алля аят, Иегова куәгерлері, Жаңа өмір, Кришна санасы қоғамы, Адвентистер сынды теріс бағыттағы діни ағымы белең алуда. Олар адамдар арасын арандату мақсатымен тегін кітаптар-журналдарын тарату арқылы, адамдарды иландыру үшін көрсететін видео-фильмдері арқылы жастарды тартуда, - деп іс жүзіндегі анықталған ақпараттарын айтып өтті.

Дін атын жамылып, лаңкестік ұғымды ұстанған жат ағымдар жайында түсінік беріп, жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу университемізде әлі де өз жалғасын табатын болады. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының қолдауымен «Дін мен діл» атты оқу құралы шыққан. Түйткілді мәселеге қатысты осы кітаптан толық жауап алуға болады. Бұл кітап 25 мың данамен республикамызда тегін таратылуда. «Ислам және өркениет» газеті мен «Иман» журналы республикалық басылымдары арқылы, сондай-ақ арнайы сайттарынан мәлімет алуға болады, сонымен бірге теледидардың арнайы айдарлары арқылы да үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы 2009 жылы облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігі құрылған. Осы бірлестіктің төрайымы Л.Шағатай: «Қоғамымызда өзекті мәселенің алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр, жастар, студенттер, оқушылар арасында шынайы ақпарат тарату, онда арнайы мамандар арқылы теріс ағымнан жапа шеккендерге психологиялық көмек көрсету – орталықтың басты мақсаты. Егер сіздердің араңызда қандай да бір дүдамал ой, түсініспеушіліктер, дін турасындағы сұрақтарыңыз болса, орталыққа келіп жолығуларыңызға болады. **Жұмыс телефоны 51-21-77, Гагарин аялдамасы, Ғұмар Қараш көшесінің 14-үйінде 12 кабинет, Ләззат Ғиниятқызы**»,- деп мекен-жайын атап көрсетті.

Студент жастар, тек әркімнің жетегімен кетпей, саналы Қазақстан азаматы ретінде білімді, білікті, алдына мақсат қоя білетін, ата-ана үмітін ақтайтын, елдің ертеңі үшін өмір сүретін тұлға болып қалыптасулары қажеттігін ескерсе дейміз.

Өз тілшіміз.

СЕМЬЯ, которая любит учиться

Любящие учиться всегда находят возможности для самореализации и творческого подхода ко всему, что, так или иначе, входит в поле их деятельности. Отрадно, когда учится вся семья. Интересы семей, постоянно вовлеченных в научный поиск, зачастую, соответствуют новейшим направлениям в науке. Одним из таких направлений современной науки является Интернет-лингвистика. Слово «Интернет» сегодня знакомо каждому. Словосочетание «Интернет-лингвистика» вошло в лингвистический обиход сравнительно недавно. Это лингвистическое направление, результаты исследований в области которого вызывают неподдельный общественный интерес. На нашей кафедре теории и практики обучения иностранному языку этим направлением в лингвистике заинтересовались брат и сестра Зубковы. Разумеется, что интерес к учебе и науке был привит еще в семье. Мама Владислава и Елены, Зубкова Наталья Дмитриевна, - учитель химии высшей категории, работает в СШ №7 уже 26 лет. Отец также является творческим человеком, работа которого требует определенных неординарных данных.

В этом году Зубкова Елена, обладатель именной стипендии Н.А.Назарбаева, занялась интереснейшей темой: «Социальные факторы в английской идиоматике XXI века». Исследование посвящено изучению современных тенденций, имеющих место во фразеологическом составе английского языка и возникших под влиянием Интернет и других средств современной телекоммуникации. Основоположником данного направления является английский лингвист, академик, эксперт в вопросах эволюции английского языка и автор многих книг в области языкознания Дэвид Кристал (David Crystal).

Вот что говорит Елена о своей теме и о результатах, достигнутых ею в работе:

“Данная тема была выбрана мной не случайно. Дело в том, что мой брат, Зубков Владислав Сергеевич, который является выпускником ЗКГУ имени М.Утемисова и преподавателем иностранного языка в нашем ВУЗе, на протяжении нескольких лет занимается вопросами Интернет-лингвистики. Впервые он познакомился с этим направлением будучи на стажировке в Германии, в университете им. Й.Гутенберга (г.Майнц). В этом году он поступил в докторантуру в этом ВУЗе и сейчас работает над написанием докторской диссертации, посвященной проблемам социо- и Интернет-лингвистики. Это направление только начинает развиваться в западной науке и представляет собой широкое поле для научной деятельности. Меня очень заинтересовало данное направление своей новизной и перспективностью, и в дальнейшем я планирую продолжить исследование в этом русле. Далее мне бы хотелось поделиться основными положениями и результатами своего исследования.

Нас заинтересовал вопрос: существуют ли в английском языке идиомы, появившиеся после 2000 года, и каковы источники их происхождения? Для того, чтобы ответить на этот вопрос, мы сделали обзор Интернет-ресурсов. Нами найден ряд идиом, которые описаны и подробно проанализированы в работе. В качестве примера нам бы хотелось привести описание, на наш взгляд, наиболее интересных из них:

Интернет-идиома	Перевод	Источник происхождения
1.Read my blog!	Отстань!	Интернет-блоги, социальные сети
2.The person is bitmapped	Этот человек глуп	Интернет-блоги
3.Don't push my buttons!	Не раздражай меня!	Интернет-блоги, социальные сети
4.All-singing, all-dancing	Самая последняя версия с современными функциями	Интернет-блоги
5.To be snowball with work	Быть «заваленным» работой	Интернет-блоги и социальные сети
6.Snail mail	Обычная бумажная почта, которая очень медленно доходит	Электронная почта, блоги
7.Throw down some flowers	Загладить свою вину	Взято из социальных сетей и сайтов знакомств, где принято посылать в качестве подарка или знака внимания картинки с изображением цветов
8.Stop the music!	Прекрати!	Интернет-сообщества и блоги
9. Jump the track	Переключиться с одной идеи на другую, с одного вида деятельности на другой	Интернет-сообщества и блоги

В результате проведенного исследования мы пришли к следующим выводам:

1. За последние годы понятие «идиома» в лингвистике претерпело значительные изменения. В данной работе отмечается переосмысление данного понятия, которое трактуется здесь как стиль или специфическая манера высказывания, характерная для определенного круга лиц.

2. В ходе исследования нами был установлен новый источник появления идиом – глобальная сеть Интернет.

3. Если в прежние века на язык в большей степени оказывала влияние религиозная и художественная литература, что было связано с установлением христианства в Европе и Америке, началом книгопечатания и иными социальными факторами, то сегодня язык подвержен влиянию современных реалий, наиболее значимой из которых является стремительное развитие науки и техники, в частности, глобализация информационного пространства посредством сети Интернет.

4. Если в прежние времена языковые изменения происходили под действием географического, темпорального и, реже, социального факторов, то в XXI веке основным фактором влияния является социальный. Относительно географического фактора мы пришли к выводу о том, что в XXI веке, в связи с широким распространением Интернет, стирающем все границы, он потерял свою актуальность. Место географического фактора занял глобализационный фактор.

5. Большинство Интернет-идиом XXI века, в отличие от классических, содержат выражение сиюминутных эмоций, состояний или отношения к происходящему.

6. Новые языковые единицы, рожденные пользователем в Интернет-среде с целью выражения его мыслей и чувств, активно подхватываются остальными участниками общения, впоследствии входя в обиход. Данная мысль подтверждена в работе Д. Кристала «Language and the Internet» (2006). Новое время диктует свои законы, и процесс глобализации во всех его ключевых направлениях оказывает влияние на язык, который в очередной раз доказывает свою универсальную способность служить вместилищем человеческой мысли и человеческих духовных потребностей”.

Важно отметить, что на кафедре теории и практики обучения иностранному языку разрабатываются актуальнейшие темы, соответствующие современным направлениям в европейской лингвистике. Исследования, проводимые Еленой и Владиславом Зубковыми, являются тому подтверждением.

Желаю Елене и Владиславу дальнейших успехов в науке!

АБУХАНОВА А.Г.,
Зав. кафедрой, доцент.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2010 жылдың 22 қарашасында «Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның ұлтаралық келісімінің тарихы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Ұлтаралық келісім – тұрақтылық негізі

Конференцияда жаһандану жағдайындағы түркі әлемінің тарихи-мәдени келбеті, XXI ғ. Қазақстан мәдениеті мен Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың үйлесімді дамуындағы мемлекеттің рөлі бағыттарындағы мемлекеттің өзекті мәселелері қозғалды.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде БҚМУ ректоры Т.З.Рысбеков алғы сөз сөйлеп, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық басшысы Қ.Төлебаев, «Орыс мәдениеті орталығы» ҚБ Кеңес төрағасы, өнертану ғ.к. С.Погодин, «Достық» ЖҚБ төрайымы О.Голубева баяндамалар оқыды. Сонымен қоса жиынға облыстық және қалалық мекеме басшылары, ұлттық мәдени орталық өкілдері қатысты.

Конференцияда Қазақстанның ішкі және сыртқы ұлтаралық келісімі мен татулығы, қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастар жайындағы мәселелері қаралып, бұл қатынастардың үйлесімді дамуындағы мемлекеттің рөлі турасында сөз қозғалды.

ТУРИСТИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

на средиземноморском побережье

Турция - традиционно одно из самых популярных направлений отдыха немецких, российских и голландских туристов. В практике в сервисе обслуживания принимали участие студенты 3 курса специальностей: иностранный язык, туризм, переводческое дело, международные отношения. Продолжительность практики составляла 3 месяца.

Наши студенты были заняты в службе reception, в службе сервиса (в качестве официантов и помощников бармена). Должность работника reception требовала знания иностранного языка (обязательно — английский, желательно — разговорный французский, немецкий). Главное качество работника сервиса обслуживания - общительность, наличие навыков кросскультурного общения, умение быстро реагировать на нестандартные ситуации, знания английского, немецкого, и, желательно, турецкого языков. Работа в службе reception — это резервирование номеров, регистрация гостей, их размещение, предоставление различной информации, прием платежей за услуги, выполнение просьб гостей, решение бытовых проблем, прием жалоб, предложений, взимание штрафов, полный расчет клиента по отъезду.

Работа наших студентов получила положительные отклики со стороны турецких менеджеров в отелях, многие из студентов получили приглашение приехать в отели на следующий год.

По результатам практики была проведена конференция, на которой студенты очень эмоционально обменялись впечатлениями о работе различных отелей Турции, рассказали об особенностях культуры этой страны, поделились опытом работы. Студенты специальности «иностранный язык: 2 иностранных языка» однозначно заявили, что первый опыт прохождения практики следует признать положительным и его следует продолжить в будущем. Такая практика должна стать обязательной частью учебного процесса, так как позволяет «окунуться с головой» в профессию, получить опыт кросскультурного взаимодействия, получить прекрасную языковую практику. Мы надеемся, что данная программа будет продолжена и многие студенты нашего университета познакомятся с прекрасной туристической страной Турцией.

ЖАҢАЛЫҚТАР

8 2010 жылдың 21 қазан күні А.Островский атындағы облыстық орыс драма театрында «Ақын жыры, ел тірегі – Тәуелсіздік!» тақырыбында облыстық ақындар айтысы өтті.

Облысымыздан 8 ақын бақ сынасқан аталмыш айтыс қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы облыс, республика көлемінде өткізіліп жүрген айтыс додаларының бірнеше дүркін жеңімпазы Жансая Мусина Бас жүлдеге ие болды. Ал университетіміздің түлегі, жас ақын Мұрадым Мирланов I орынды иемденсе, оқу ордамыздың түлегі, жас ақын Талғат Мықи және ақжайықтық Айнабек Бисенғалиев II орынды қанжығасына байлады. Ал жәнібектік Назгүл Кәрімова және ақжайықтық Еркебұлан Төлеуқұлов III орынға табан тіреді.

Жансая Мусина Тәуелсіздік күні қарсаңында Астана қаласында өтетін республикалық айтысқа жолдама алды.

8 Халықаралық студенттер күніне орай облыстық студенттік апталық аясында Батыс Қазақстан Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «КазИИТУ студенттер ұйымы» ЖҚБ ұйымдастыруымен өткізілген спорттық жарыстарда үздік нәтиже көрсеткен студенттер Баскетболдан - I орын, волейбол жарысынан - III орынға қол жеткізді.

Спорттың армрестлинг жарысынан 70 кг салмақта ойын көрсеткен тарих және құқық факультетінің студенті Тілек Мұқанов III орынға, ал +70 кг салмақта экономика және басқару институтының студенті Тимур Байгелов I орынға ие болды.

Кір тасын көтеруде жаратылыстану және математика факультетінің студенті +70 кг салмақта ойын көрсетті.

8 М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетеінде VII қысқы Азия ойындарына арналған 1-4 қараша күндері волейболдан қыздар мен ұлдар арасында спартакиада болып өтті.

Тамаша өткен ойын нәтижесінде қыздар арасынан I орынға - экономика және басқару институы, II орынға - педагогикалық факультеті, III орынға - БҚМУ колледжі қыздар командаларына лайық деп танылды. Ұлдар арасында өткен сайыс қорытындысында I орын - педагогикалық факультеті, II орын - экономика және басқару институы, III орын - мәдениет және өнер институтының ұлдар командасына бұйырды. Ептіліктерімен ерекшеленіп, әдемі ойын көрсете білген педагогикалық факультетінің студенттері Баян Қайырғали мен Айнұр Құсманова, экономика және басқару институының студенттері Темирлан Құсайынов пен Жанна Кеңесова, мәдениет және өнер институтының Тимур Тамешов және БҚМУ колледжінің студенті Айдана Каримова «Үздік ойыншы» номинациясына ие болды.

Үстелл теннисінен өткен сайыста I орын - жаратылыстану және математика факультеті, II орын - мәдениет және өнер институты, III орын - педагогикалық факультетінің командасы болып анықталды. Педагогикалық факультеттен Дулат Адиев, жаратылыстану-математика факультетінің студенттері Бахтияр Құрбанов пен Данагүл Әділгереева үздік ойыншылар деп танылды.

Университетте 4 қараша күні деструктивтік діни ағымдар қызметінен жапа шеккендерге көмек көрсету мәселесіне арналған аймақтық семинар өтті.

Басқосу бірлесіп жұмыстануды үндейді

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 4 қараша күні «Деструктивтік діни ағымдардың қызметінен жапа шеккендерге көмек көрсету тәжірибелерімен алмасу» тақырыбында аймақтық семинар-кеңес өткізіліп, оған Атырау, Ақтөбе облыстарынан өкілдер қатысты.

Жастар арасында діни экстремизмнен келетін қауіптің алдын алу, түрлі жат ағымдардың қызметінен жапа шеккендерге психологиялық және заңдық тұрғыда көмек көрсету шараларын ұйымдастыру, осы мақсатта облыстарда құрылған орталықтармен тәжірибе алмасу мақсатында өткізілген жиын барысында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры Тұяқбай Рысбеков, «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләззат Шағатай, БҚО ішкі саясат басқармасы үкіметтік емес ұйымдар және діни бірлестіктермен жұмыс бөлімінің бастығы Жамал Иқсанова және басқалар өз ойларымен бөлісті. Ислам дінін бұрмалаушылар мен әртүрлі жат ағымдардың ықпалында кетушілердің басым көпшілігі 18-29 жас аралығындағы жастар екені атап өтілді.

Мемлекеттік рәміздерді, ел Ата-заңын мойындамайтын, еліміздің әнұраны айтылғанда орнынан тұрмайтын, өз мүдделерін мемлекеттен жоғары қоятын секталар мен исламдағы теріс ағымды ауыздықтау үшін дәстүрлі дініміздің беделін жоғары көтеру керектігі, құқық қорғау органдары арқылы теріс ағымдарды құрықтауды басты бағытқа алу, интернет желісінде дәстүрлі дінді насихаттауды қолға алу туралы құнды пікірлер айтылды.

Кеңеске қатысушылар дәстүрлі ислам дінін білім берудің барлық деңгейіне енгізу, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты сақтау, діни экстремизмнің таралуына жол бермеу мақсатындағы келелі қиын мәселемен бірігіп жұмыстануға келісті.

n *Жас ғалым - 2010*

«Технопарк «Алгоритм» ЖШС мәжіліс залында 11 қараша күні сағат 10.00-де басталған облыстық оқу орындарының оқушылары мен студенттері арасындағы «Жас ғалым - 2010» байқауы инженерлік және конструкторлық, экология және биотехнология, әлеуметтік маңызды инновациялық және IT технологиялар мен электронды өнімдер тақырыбындағы бағыты жас ғалымдардың ғылыми еңбектерімен өрбіді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ

БҚО ішкі саясат басқармасы, облыстық Табиғи ресурстарды пайдалану және реттеу басқармасы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ қолдауымен және «БҚО Жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі мен «Технопарк «Алгоритм» ЖШС өткізіліп отырған шара барысы биыл да өз жалғасын тауып, дарынды және ынталы жас ғалымдарды инновацияның дамуына өз үлестерін қосуға өз ықпалын тигізді. Әр жобада өз жұмыстарын ұсынған зерттеуші, зерек жас ғалымдардың жаңа технологияға бейімделуіне, олар ұсынған жаңа жобалардың жүзеге асуына мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ оқушылар мен студенттер арасында инновациялық ойдың жетілуіне, олардың ғылыми іздену талпынысын арттыру мақсатымен өткен бұл жоба сәтті өтіп, марапаттау кезеңі М.Өтемісов атындағы БҚМУ акт залында қорытындыланды.

Облысымызда жарияланған оқушылардың, студенттердің, жас ғалымдардың арасында облыстық «Жас ғалым-2010» инновациялық жобалар конкурсына 105 жоба тапсырылды, олардың 74-і іріктеу кезеңінен өтіп, өз жобаларын конкурс комиссиясының алдында қорғауға мүмкіндік алды. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дан 6 жас ғалым, 26 студент, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дан 1 жас ғалым, 7 студент, БҚИТУ-дан 10 жас ғалым, 19 студент, Орал газ және салалық технологиялар колледжі мен КазУИТС-дан 3 студент, №43 мектептен 5 оқушы, №34 мектеп-гимназиясынан 1 оқушы қатысып отыр, - дейді ұйымдастырушы мамандар.

Конкурс қорытындысы бойынша, 36 жобаның авторлары жүлделі I, II, III орындарға ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Қалған қатысушылар да алғыс хат иеленді. Университет атынан қатынасқан Мұхамбетов М., Жакиев Н. «Проект изготовления саманного кирпича саманоизготавливающими станоком» жобасымен 1 орын, Ахметова А. «Бизнес центр в г.Уральск» жобасымен 2 орын, Мерғалиев Н. «Высотная застройка в структуре города» жұмысымен 3 орын, Чукалина О.Н. «Сохранение и восстановление степей ЗКО» жұмысымен 2 орын, Молдағалиева М.А. «Қоршаған ортаға нанобөлшектердің әсерін зерттеу» жобасымен 3 орын, Сембаева Д. «Қоқыс үйінділерінің орнын қалпына келтіру» жобасымен 3 орын, Абдуллаева Е., Таниева А. «Мектеп жастарының экономикалық білімнің оқу орталығы» жұмысымен 1 орын, Кажгалиева Л.М. «Оқушылардың ғылыми қоғамын құру» жұмысымен 2 орын, Абоимов А.Ф. «Гос.компания по разработке и поддержке прог-х продуктов, связанных с гос.реестрами, базами данных и документооборотом» жобасымен 2 орын, Джумагазиев Н. «Бизнес план автосервиса» жобасымен 3 орын, Курноскин А. «Автоматизированные системы управления «Электронный журнал»» жобасымен 2 орын, Сергеев А. «Прикладные задачи ГИС и бизнес-приложения на базе функционала Google Earth» жобасымен 1 орын, колледж студенті Даупаев Н. «Разработка сайта по изучения расстровой графики и использование в учебном процессе» жұмысымен жүлделі 2 орынға қол жеткізді.

2010 жылдың 15-16-қазан аралығында көрнекті қоғам қайраткері, Халықаралық «Невада - Семей» қозғалысының президенті Олжас Сүлейменовтың жүлдесі үшін Орал қаласы жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлері арасында волейболдан турнир өткізілді.

Сүлейменов жүлдесі

Батыс Қазақстан облысы Семей сынақ ядролық полигоны қоғамдық бірлестігі мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің спорт клубының ұйымдастыруымен өткен жарыстың мақсаты - облысымызда волейбол ойынын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жоғары оқу орындарының оқытушылары құрама командасының ойыншыларын іріктеу болып табылады. Қаланың 6 жоғары оқу орындарының командалары қатысқан волейбол жарысы FIVB ережелері бойынша 3 партиядан тұрды. Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Батыс Қазақстан облысы Семей сынақ ядролық полигоны қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бисенғалиев Мағжан Мақымұлы, облыстық ішкі саясат басқармасы бас-тығының І орынбасары Төрегелдиев Мұратқали Қамешұлы, университет ректоры, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков, тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Даришева Түймеш Малбағарқызы, «Ақ Жайық» спорт клубының төрағасы Жардемов Жұбанышқали Садырұлы сөз сөйлеп, өткізіліп жатқан шараның мән-маңызына тоқталды.

Жарыс қорытындысы бойынша І орынға – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ие болса, ІІ орынды - Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық университеті иемденді, ал ІІІ орынды – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті қанжығасына байлады. И. Абдрахманов (М.Өтемісов атындағы БҚМУ), М.Искаков (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ), А.Дюсенғалиева (БҚИТУ) «Үздік ойыншылар» атанды.

Бұқаралық спортты дамытатын, салауатты өмір салтын насихаттайтын спорттық шаралардың өткізілуі өте орынды, өйткені спорт арқылы да жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлері арасында достық, ынтымақтастық қатынасты нығайтуға болады, ал бұл өз кезегінде оқу, тәрбие саласына да өз ықпалын тигізері анық.

СРАЛИЕВА М.

Университетімізде дәстүрлі түрде жыл сайын демалыс күндері студенттердің арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында әр түрлі спорттық шаралар өткізіледі. Бұған дәлел, 2010 жылдың 10 қазан күні БҚМУ спорт сарайында математика және информатика бөлімінің студенттері арасында «Бірінші байлық - денсаулық» атты спорттық сайыс өткізілді.

Бірінші байлық, – ДЕНСАУЛЫҚ

Бұл сайыста баскетбол, шахмат және дойбы секілді спорт түрлерінен жарыс өткізіліп, жарысқа қатысушылар жүлделі орынды өзара бөлісті. Баскетбол ойыны бойынша ұлдар арасында 2 курстан құралған құрама команда І орынды иеленсе, ал 1 курстан құралған құрама команда ІІ орынды иемденді. Қыздар арасындағы «Алға» командасы - І орын, «Жігер» командасы - ІІ орын, «Өркен» командасы - ІІІ орынды қанжығаларына байлады.

Сонымен қоса, шахмат және дойбы ойындарында өз белсенділіктерін танытқан студенттер Тимур Сарин (3 курс), Арман Абдулла (2 курс) және Балжан Самарбаевалар (1 курс) естелік сыйлықтармен марапатталды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында математика және информатика бөлімінің студенттік деканаты бұл демалыс күнін жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Алдағы уақытта да студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында осы секілді шаралардың жиі ұйымдастырылуына атсалысып, болашақта университетімізде шымыр, спорт сүйер студенттер санын көбейтуге өз үлесімізді қоспақпыз.

Зубаирова Дария, *04203-топ студенті.*

Гуру Дутт Сонди тұлғасында Азия спорт командаларының басшыларына «Азия Атлеттік Федерациясын» құруға келіскен Азия ойындарын өткізу идеясын талқылауды ұсынды. 1949 жылы ақпанда «Азия ойындарының федерациясы» формалды құрылып аталды. Бірінші Азия ойындарын Нью-Делиде өткізуге шешім қабылданды.

КЕҢЕЮІ

Азияның Ұлттық Олимпиада комитеттері Азия ойындары федерациясының жарғысын өзгерту туралы шешім қабылдады. «Азиялық Олимпиада кеңесі» деп аталған жаңа бірлестік құрылды. Осы кеңес 1986 жылдан бері ойындарды қадағалайды. 1994 жылы бірнеше елдің қарсы болуына қарамастан АОК бұрынғы кеңес республикаларын ойындарға шақырды. Олар: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан.

Ең бірінші және екінші қысқы Азия ойындарын жапон мемлекеті қатарынан екі рет 1986-1990 жылдары өткізді. Алғашқыда спорттың 7 түрінен жарыстар болса, төрт жылдан кейін спорттың 6 түрінен өткізді. Бұдан кейін Қытай мемлекетінің Харбин қаласында 1996 жылы спорттың 7 түрінен 10 мемлекет қатысқан ойындар ұйымдастырылды. Төртінші Азиада алауы 1999 жылы Корей елінің Кангвон қаласында тұтанды. Бесінші Азиада ойынының жалауын желбірету 2003 жылы Жапон мемлекетінің еншісіне тиді. Азиада ойындарын өткізу мәртебесі Қытай еліне 2007 жылы қайта оралды. Енді міне, жетінші алау 2011 жылы қазақ елінде маздамақ.

2006 жылы Австралия АОК кіруден бас тартты.

Қазақстан қысқы Азия ойындарын қабылдайды.

Қазақстан - 2011 жылы өтетін қысқы Азия ойындарын өткізу құқығын бірінші рет алған ел.

2006 жылы 5 қаңтарда Алматы қаласы Ойындар өткізу орны ретінде қабылданды, ал 2007 жылғы 29 қазанда жарыстардың бір бөлігі Алматыдан Астанаға ауыстырылды.

2006 жылы 4 наурызда Кувейте президент Шейх Ахмад Аль-Фахад Аль-Сабах басқаратын Азиялық Олимпиада Кеңесі мен әкім Тасмағамбетов мырза бастаған Алматы қаласы мен президенті Досымбетов мырза басқаратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада Комитеті арасында үш жақты келісім - Ұйымдастырушы қаламен келісімшартқа қол қойылды.

2007 жылы экономикалық және саяси себептерге байланысты Қазақстан Республикасы үкіметі АОК-не VII-қысқы Азия Ойындарын Қазақстанның екі негізгі қалаларында Қазақстанның елордасы Астана мен Алматы қаласында өткізуді ұсынды.

2008 жылғы 20 қазанда Балиде президент Шейх Ахмад Аль-Фахад Аль-Сабах басқаратын Азиялық Олимпиада Кеңесі мен жаңа әкім Тасмағамбетов мырза (бұрынғы Алматы әкімі) бастаған Астана қаласы, жаңа әкім Есімов мырза басқарған Алматы қаласы мен президенті Досмухамбетов мырза басқаратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада Комитеті, сондай-ақ Туризм мен спорт министрі арасында қосымша келісім бекітіліп қол қойылды. Осы келісімде 2011 жылғы VII-қысқы Азия ойындарының ұйымдастырушы қалалары Астана мен Алматы қалалары болып табылатындығы айтылған. Азияның көптеген елдері Азия ойындарын Олимпиада ойындарымен қатар қояды, сондықтан осы көлемді іс-шараны даярлау және өткізу Қазақстанның қызметтің түрлі салаларында көшбасшылық орнын тағы бір көрсетіп, ел жетістігінің түрлі қырын көрнекі растау болады.

Astana - Almaty
7th ASIAN WINTER GAMES
2011

Спорт Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен елді халықаралық деңгейде тану жолдарының бірі ретінде анықталған. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасынан бастап, Қазақстан спортшылары Азия ойындарына қатыса бастады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда тоқтаусыз алға қарай даму жағдайында осындай көлемді деңгейдегі іс-шараны ұйымдастыру мен ойдағыдай өткізе алатын ірі континентальды державалар қатарына кіре алатындай барлық алғышарттар бар. Оған дайындық еңбекке жарамды тұрғындарды нысандар салуға, қала инфрақұрылымын жақсартуға, халық арасында өмірдің салауатты қалпын насихаттауға, көптеген басқару құрылымдарының қызметін белсендіруге, халықты, оның ішінде студент жастары қонақтармен кеңінен араласуына көмектесетін болады. Бұдан басқа Ойындар 2018 жылы қысқы Олимпиада Ойындарын өткізу құқығына даярланып отырған өтінімге елеулі дәлел мен жақсы тәжірибе көзі болады.

2011 жылы Астана және Алматы қалаларында VII Қысқы Азия ойындарын даярлау және өткізу бойынша Ұйымдастыру комитеті К.Қ. Мәсімовтің төрағалық етуімен Азия ойындарының жалпы жарыстар бағдарламасы мақұлданды.

65 медалдар жинағы ойналатын Азия ойындарының жалпы жарыстар бағдарламасы **спорттың 11 түрімен** беріледі: конькимен жүгіру спорты, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей, «бенди» добымен хоккей, шаңғы жарыстары, биатлон, шаңғымен трамплиннен секіру, тау шаңғысы, фристайл, шорт-трек, шаңғыда қысқы бейімделген спорт түрі.

Азия ойындарына шамамен 45 Азия елі қатысады деп жоспарланып отыр.

Бұдан басқа Ойындар өткізу шегінде Азиялық Олимпиада Кеңесінің кезекті Бас Ассамблеясы өтеді, оған 45 Азия елдерінің спорт қозғалысы басшылары қатысады.

АСАР АСУЛАР

Эстафета тек облыс орталықтары ғана емес, ауылдарды, республикамыздың көрікті туристік жерлерін де басып өтеді. Эстафета қыс мезгілінде өтетін болғандықтан, Алауды алып өту үшін автокөлік, шаңғы, коньки, ат, түйе, тікұшақ сияқты тасымал құралдары қолданылады.

Алматы қаласының нысандары Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, “Медеу” биік таулық спорт кешені, халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені, “Шымбұлақ” - биік таулық база. Астана қаласының нысандары жабық футбол стадионы, жабық конькимен сырғанау стадионы, «Қазақстан» Спорт сарайы.

Осы нысандар 2011 жылғы қысқы Азия ойындарының жарыстарын жүргізуге қызмет етеді.

Барысты елдің қайсар ұландары намысты қолдан бермейді деп сенеміз. Бұған дейін де ұл-қыздарымыз толайым табыстарға қол жеткізген болатын. Атап айтар болсақ, 1996 жылы Қытай жерінен 14 алтын, 9 күміс, 8 қола медальмен оралған. Ал 1999 жылы Кореяда 10 алтын, 8 күміс, 7 қолаға қол жеткізсе, 2003 жылы Жапонияда 7 алтын, 7 күміс, 6 қола жүлдені еншіледі. Қытайда өткен алтыншы қысқы Азия ойындарында да спортшыларымыз қоржынымызды 6 алтын, 6 күміс, 6 қоламен толтырған болатын. Ендеше, 2011 жылы елімізде жалауын желбірететін VII қысқы Азия ойындарында спортшыларымызға тек жеңіс тілейміз!

Өркен
№ 8 (857) қараша 2010 жыл

ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНЫ

Қазақстанды төрткүл дүниеге паш етпек

2011 жыл – еліміз үшін мерейлі жыл болмақ. Бұл жылы Қазақстанның тәуелсіздігіне 20 жыл толады. Ал бұл жылдың мерекелік шеруін Азия ойындары бастамақ.

Алдағы жылдың 30 қаңтар – 6 ақпан аралықтарында Астана мен Алматы қалаларының спорт алаңдарында өтетін VII қысқы Азия ойындары біздің еліміз үшін биік мәртебе болып қана қоймай, үлкен жауапкершілік те жүктемек. Төрт жылда бір рет ұйымдастырылатын байрақты бәсеке осыған дейін тек Қытай, Жапония және Корея секілді елдерде ғана өткен болатын. Сондықтан да Азия Олимпиадалық Кеңесінің /АОК/ Қазақстанға деген бұл сенімі барша қазақстандықтар үшін бір жағынан мақтаныш болғанымен, екінші жағынан төрткүл дүниеге елдігімізді танытатын жауапты сын деуге де болады.

Қазақстан қысқы Азия ойындарын өткізуге міндетін алған сәттен қарқынды құрылыс жұмыстарын жүргізіп, ұтымды ұсыныстарын жүзеге асыруды бастады. Соның бірі - Азиада тарихында болмаған Олимпиадалық Алау эстафетасын ұйымдастыру болды. Бұл ұсынысты АОК қолдап шықты. Сөйтіп, Үкімет басшысы бастаған «2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру және өткізу комитеті» жаңа бастаманы іске асыруға кірісті.

Бүгінгі таңда Алау эстафетасының құтысы дайын болды. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің негізіндегі элементтерді біріктірген, табиғи-климаттық жағдайға келістірілген бұл құты Азиаданың ең сәтті атрибуттарының бірі болатыны сөзсіз. Егер еске алар болсақ, Бейжің олимпиадасының алауы бірнеше рет өшіп қалған. Мұндай жағдай ертеде Канберра қаласында өткен олимпиада ойындарында да болған еді. Сидней ойындарында атақты жүзуші Олимпиада қазандығын жағуға келген сәтте екі рет қолындағы алауы сөніп қалған. Дегенмен, су астында алаугермен бірге болып, үш минут бойы жалынын өшірмеген осы алау ең төзімді болып саналды.

Астана мен Алматыда өтетін Азия ойындарының Алау эстафетасы үшін түрлі-түсті металл қоспасынан 100 алау құтысы дайындалды. Әрқайсысының салмағы 1 келі 700 грамм тартады. Ұзындығы - 65-66 сантиметр. Жалпы бағасы шамамен 150 мың теңге . Құтылар Қытайда жасалған.

Азиада алауының шырақтары 11 қаңтар күні Азия Олимпиадалық Кеңесінің штаб-пәтері орналасқан Эль-Кувейт қаласында тұтанып, 12 қаңтар күні ұшақпен Алматы қаласына жеткізіледі. Алматы көшелеріндегі салтанатты шеруден соң алау эстафетасы Қазақстанның аймақтарына аттанады. Атап айтсақ, алау эстафетасы 13 қаңтарда – Тараз, 14 қаңтарда – Шымкент, 15 қаңтарда – Қызылорда, 16 қаңтарда – Ақтауда, 17 қаңтар – Атырау, 18 қаңтар – Орал, 19 қаңтарда – Ақтөбе, 20 қаңтарда – Қостанай, 21 қаңтарда – Петропавл, 22-23 қаңтар – Көкшетауда, 24 қаңтарда – Павлодар, 25-26 қаңтар - Өскемен, 27 қаңтар – Талдықорған, 28-29 қаңтарда – Қарағанды қалаларында өтеді. 30 қаңтар күні Алау эстафетасы Астанаға келеді деп күтілуде.

Төрт жылда бір рет өтетін ірі құрлықтық жарыстың ашылу және жабылу салтанаты да Елорда төрінде өтетін болып отыр. Айтулы байрақты жарыс Қазақстан үшін бір жағынан зор мәртебе болса, екінші жағынан үлкен сын болмақ. Бұған дейін мұндай ауқымды жарыстардың жалауы Қытай, Жапония және Корея елдерінде ғана көтерілген. Ал бұл мемлекеттерде кезінде Олимпиада ойындары да өткені белгілі.

Бүгінгі таңда Алматы және Астана қалаларында айтулы бәсекені өткізетін арнайы нысандардың жаңа құрылыстары қарқынды жүргізіліп, сондай-ақ, қазіргі қолданыстағы бірқатар спорт сарайлары қайта жарақтандырылды. Елімізде жалауын көтеретін Азия ойындарында қысқы спорттың 11 түрінен сайыстар өтетін болады. Осы жарыстардың барысында 69 алтын медаль сарапқа салынбақ. Жалпы, Азияның Олимпиадалық Кеңесінің талабы бойынша құрлық ойындарын өткізетін ел шаңғы және коньки жарыстарын, хоккей және мәнерлеп сырғанау сайыстарын міндетті түрде ұйымдастыруы керек. Ал Қазақстан болса, қазіргідей әлемдік дағдарысқа қарамай, құрлықтық доданы спорттың 11 түрі бойынша өткізуге шешім қабылдады.

Бірнеше рет конкурстар жарияланып, соның нәтижесінде Азия ойындарының бойтұмары болып «Қар барысы» бекітілді. Сақтардың мифологиясында барыс әділдіктің қорғаны ретінде бейнеленеді, ол төреші ретінде алдында өтіп жатқандарға биіктен көз салады. Сондай-ақ, барыс жиі ғарыштық әлем тәртібін қорғау белгісі, әлем құрылуының тұрақтылығының кепілі болып табылып, өмір ағашының қорғанышы ретінде көрінеді. Осының барлығы өз кезегінде олимпиада қозғалысының негізгі идеяларымен қиюласады. Бүгінде Қазақстан құрамасының спорттық киімінің жобасы да дайындалған.

Осы жарысты өткізу арқылы Қазақстанның әлемдік спорт аренасына айналып, абырой-беделі асқақтай түсетіні ақиқат. Ел болып атқарылатын жауапкершілікті Азиада ойындары Қазақстанның, оның елордасы Астананың абыройын көтеретін, мәртебесін өсіретін, мерейін үстем ететін байрақты жарыс болмақ.

Ойын №	Қала, өткізген ел	жыл	Қатысатын елдер саны	Спорт түрлерінің саны	Спортшылар мен ресми тұлғалар саны
1-інші	Саппоро, Жапония	1986	7	7	425
2-нші	Саппоро, Жапония	1990	10	6	414
3-інші	Харбин, Қытай	1996	16	7	660
4-інші	Кангвон, Корея	1999	21	7	799
5-інші	Аомори, Жапония	2003	17	11	641
6-ншы	Чангчун, Қытай	2007	45	10	1100
7-нші	Қазақстан, Астана-Алматы	2011		11	

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қысқы және жазғы Азия ойындары (сондай-ақ Азиада аталатын)– төрт жыл сайын 1951 жылдан бері Азия елдерінің барлығында өткізілетін спорт жарысы. Ойындардың жалпы ұзақтығы – ашылу және жабылу салтанатын қоса алғанда, кем дегенде 7 және 16 күннен артық емес. Ойын Халықаралық Олимпиада комитетінің қадағалауымен Азиялық Олимпиада кеңесімен реттеледі. Азия ойындарының эмблемасы, туы, ұраны мен әнұраны осы кеңес меншігі болып табылады.

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТУЫНДАУЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Азияның бірнеше елі тәуелсіздік алды. Көптеген жаңа елдер өзара түсіністікті нығайтуға көмектесетіндей жарыстардың жаңа түрлерін жасағысы келді. 1948 жылғы тамыз айында Лондонда Он төртінші Олимпиада ойындарының барысында Үндістан Олимпиада комитеті

2010 жылдың 22 қазан күні Қазақстан инновациялық инженериялық техникалық университетінің Студенттер сарайы ғимаратында Батыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы мен «Центр молодежных инициатив «Жәрдем-Содействия» қоғамдық бірлестігі мен бірге Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету аясында «Әлемдік қауымдастық көзқарасымен Қазақстанның жетістіктері тарихы» тақырыбында Орал қаласы жастарының форумы өтті.

мында Ванкуверден Владивостокқа дейінгі географиялық кеңістікте орналасқан 56 қатысушы мемлекет кіретін жалпы еуропалы орган екендігі айтылып, келелі жайттармен ой бөлісті. ЕҚЫҰ бір мезгілді жан-жақты болып табылатын және ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзіне ғана тән қатынасымен ерекшеленетінін баса айтқан болатын. Еліміз төрағалық етумен қатар, он бір жылдан соң Ванкувер мен Владивостокты еліміздің кіндігі Астанамызда желтоқсанның 1-2-сі күндері

ЖАСТАР КӨЗҚАРАСЫМЕН

Аталмыш форумға университетіміздің белсенді студенттері қатысты, олар: Жақсығалиева Альфия - «Педагогика және психология» мамандығының 06401-топ студенті, Килишева Нұргүл - «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 03301-топ студенті, Меңдіғалиев Асхат - «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығының 09304-топ студенті, Друсбаева Жазира - «Математика» мамандығының 04201-топ студенті, Ерболат Алия - «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 03101-топ студенті, Бекташева Гүлнұр - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 02201-топ студенті, Мыңбаев Сәкен - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 02101-топ студенті, Бисенғалиева Ақбота - «Экология» мамандығының 01205-топ студенті, Артигалиева Айсауле - «Педагогика және психология» мамандығының 06201-топ студенті, Галиева Мейрамгүл - «Дизайн» мамандығының 10204-топ студенті. Форумға Орал қаласының ішкі саясат басқармасының бастығы Тукешева А.А., Орал қаласы мәслихатының хатшысы Истлюев А.К., «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Саркулов А.А. қатысқан болатын. Форум негізінде «Путь в Европу: миссия выполнима» Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне байланысты Қазақстан Республикасының Телеарнакомплексімен түсірілген бейнефильм көрсетілді. Жалпы форумда Еуропа қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым қауіпсіздік мәселелерімен айналысатынын, құра-

өтетін саммит тоғыстыратыны мақтануға тұрарлық жағдай іспетті. Еліміздің басшысының салиқалы саясатымен жүзеге асырылып жатырған істердің куәгері бола тұра, біз де ел ертеңіне біліміміздбен, саяси сауаттылығымызбен, елімізге деген патриотизммен, сүйіспеншілікпен жауап беруіміз керек.

ЖАҚСЫҒАЛИЕВА А.С.,
студенттік ректор.

Тараздағы турнир

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, жастар саясаты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. «Мемлекетік жастар саясатын іске асырудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында қазан айының 23-24-ші жұлдызында Тараз қаласында Б. Момышұлының 100 жылдығына орай «Тараз - 2010 кубогы» студенттер арасындағы республикалық пікір-сайыс турнирі өткізілген болатын.

Аталған турнирге егемен еліміздің түкпір-түкпірінен, атап айтсақ, Орал, Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Қарағанды, Қызылорда, Талдықорған, Семей шаһарларының ЖОО-нан 32 команда қатысты. Орал қаласының намысын біздің шамшырағымыз, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Жас қыран» командасы қорғады. Турнир нәтижесі бойынша «Жас қыран» командасы (Тажкенов Н., Абдулов М., Утарова Г.) «Үздік команда» номинациясымен марапатталды.

Республикалық пікірсайыстың даңқты батыр, жазушы Б.Момышұлының соғыс және бейбіт уақыттағы ерліктерін жас ұрпаққа насихаттауда, оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талқылауда алатын орны ерекше. Ұшқыр ойлы, жалындаған пікірсайысшылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешу жолдарына тың идеялар ұсынды.

Турнирде тек Б.Момышұлының 100 жылдығы турасында ғана емес, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы, электр энергиясын тиімді өндіру, азық-түлік қауіпсіздігі, 7-ші қысқы Азиада, қазақ эстрадасы, желілік маркетинг секілді қоғамдық маңызы бар мәселелер талқыға түсті.

Республикалық турнирге қатысып, бағымызды сынауға мүмкіндік жасаған М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың басшылығына шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

УТАРОВА Гүлнұр,
«Есеп және аудит» мамандығының 09314-топ студенті.

Қазан айының 22-ші жұлдызында «Жастар мәдениет сарайында» астаналық «Наз» халық би ансамблі Орал шаһарының тұрғындарына өз өнерлерін паш етті.

Өнер атаулы - жанға рахат, көңілге қуаныш сыйлайтын рухани азық. Ал үлкен өнерді адамның тек көзбен көріп қана қоймай, жүрекпен сезініп, түйсінетіні ақиқат. Егер де біз, халқымыздың арғы-бергі тарихына терең зер салсақ, би өнерінің сонау ықылым заманның өзінде-ақ, қазақтың ұлттық өнерінің бір бұтағына айналғанын айқын аңғарамыз. Шындығында, қазақ би өнерінің түп-тамыры сонау ғасырлар қойнауында жатыр. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымыздай, халқымыз өзінің ұлттық би өнері арқылы қазақы тұрмысқа берік енген әдеп-ғұрыптар мен алуан түрлі тәрбиелік бағыттағы іс-әрекеттерді бейнелеп қана қоймай, сондай ұлағатты һәм сындарлы өнерді жастардың бойына сіңіре білген. Қазақтың би өнері туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Біздің қазақ халқы дарынды, өнерпаз халық, ән, күй деген мұрамызда шек жоқ. Ал бұл қазақ халқында биден қалған мұра өте аз. Жаңа ұрпақ осы биді қолға алғаны жөн. Ал қай өнерді алсақ та, опера болсын, музыка театры болсын, оның бәрі бисіз болмайды. Қазақтың мидай даласы... Көкпарды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Бәйгені көрдіңіз бе? Жорғаның жүрісін көрдің бе? Міне, осының бәрі - қимыл-қозғалыс. Аттың желісі, жәй жүрісі, сылбыр жүрісі, шабыс жүрісі осының бәрі би емес пе? Би. Қазақтың күйін тыңдап көріңіз, қандай әуен иірімдері, ырғақтар жатыр. Қол өнері, ағаш үйдің өзі, ою, кілем тоқу, өрмек тоқу, ши орау, осының бәрі қимыл, осының бәрін ойлап, музыкасын тауып, күйін тауып сәйкестірсең, би болып шығады, – деп қазақ биі өмірдің өзінен алынғандығын алға тартқан-ды. Би өнерін насихаттап жүрген бишілер тобы жетерлік. Ал халық биін насихаттаушылар санаулы. Қазан айының 22-ші жұлдызында «Жастар мәдениет сарайында» «Наз» халық би ансамблі өз өнерлерін таныстырған болатын. Ансамбль туралы көркемдік жетекшісімен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

- Біріншіден, өзіңізді таныстырып өтсеңіз?

- Мен Астана қаласы «Наз» би театрының көркемдік жетекшісі, әрі бас балетмейстері Ағынбаева Хадиша Ермекбайқызы боламын.

- «Наз» би ансамблі қашан құрылды? Құрамында қанша адам бар?

- «Наз» би ансамблі филармония жанынан 1999 жылы «Наз» халық би ансамблі болып ашылды. 2007 жылы бөлек шаңырақ құрып «Наз» би театры болдық. Құрамымызда 50-ге жуық биші бар. Орал қаласына өнер көрсету үшін 30 биші, жалпы алғанда, 40 адам келген болатынбыз.

«Наз» - Оралда

- Қандай қалаға барып өнерлеріңізді таныстырдыңыздар? Шет елдерге шығасыздар ма?

- Біздер гастрольдік сапарларға жиі шығып тұрамыз. Рамазан айында Египет мемлекетіне бардық. Даманхор, Александрия, Каир қалаларына да барып, өнерлерімізді жұртшылыққа паш еттік. Халқы қазақ би өнеріне қанық болып, бізді қошеметтеп, құрмет көрсетіп жатты. Онда «Тұйғындар» атты тобымыз бар. Қаржы мәселесі дұрыс жолға қойылмағандықтан, шет елдерге шығуға көп мүмкіндік бола бермейді. Көбінесе, тек Қазақстанның қалаларын аралауды қанағат етіп жатамыз. Осы сапарымыздың мақсаты - Ақтөбе мен Орал қалаларының сахналарында өнерімізді көрсету. Ақтөбе қаласында болып, міне, тарихи шежіреге толы Орал шаһарына да ат басын тіредік.

- Қаржылық мәселесі қалай шешіледі?

- Біз, Астана қаласының әкімдігіне қарасты театр болғандықтан, киіміміз бен күнделікті қаржымызды қала әкімшілігі шешеді.

- Ансамбль құрамында батыс өңірінен бишілер бар ма?

- Әрине, қасиетті Ақжайықта дүниеге келіп, осы топырақтан нәр алған, киелі қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алған талантты да дарынды жастарымыз бар. Музыкалық оператор - Н.Вахитов, бишілер А.Омашова, М.Айтмағанбетова, М.Байболова, А.Мамбетова, Ж.Бекманова, М.Звягенцова, А.Рыскаев, А.Ермұханов, А.Мақсотова, Д.Елеусинова, Л.Неғыметова, А.Қодарова, А.Вахитов, Н.Нұрпейісова және Д.Аманғалиев сынды бишілер осы білім ордасының түлектері. Осы өңірлік, өте жоғары деңгейлі бидің маманы Құлбекова Айгүл Кеңесқызыда осы ансамбль құрамында қажырлы еңбек етуде. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл»,-демекші, өзі жетекшілік жасап тәрбиелеген шәкірттер де әдемі билерімен елді қуантуда. Бишілеріміз бірнеше байқауларға қатысқан, арнайы дипломдары бар.

- Болашақтағы мақсатыңыз жайлы айта кетсеңіз?

- Ең басты мақсатымыз - ұлттық биді насихаттау. Құрамымыз өнерлілермен толығып, биік шыңдарды бағындырсақ дейміз. Жастарға сабақтарыңды жақсы оқып, оқуды үздік дипломға тәмамдап, саналы адам, сапалы маман болыңдар деген тілек айтамыз.

Сұхбаттасқан Гүлсезім БИЯШЕВА.

«ЭТУ ЖИЗНЬ ЗА ВСЕ БЛАГОДАРЮ...»

Не каждый умеет петь,
Не каждому дано яблоком
Падать к чужим ногам.
Сие есть самая великая исповедь,
которой исповедуется хулиган –

этими строками был открыт очередной поэтический вечер в литературном салоне «Свеча», который был посвящен тонкому лирику и потрясающему поэту Сергею Александровичу Есенину. Отметить 115-летие поэта собралось большое количество людей - студенты и преподаватели ЗКГУ, ученики 10-11 классов школы-гимназии Вальдорфской ориентации, поклонники многогранного творчества Сергея Есенина.

Вечер вел хозяин салона - Сергей Быков, который сам на какое-то время перевоплотился в поэта-хулигана, отчеканивая звонким голосом:

«Я нарочно иду нечесаным, с головой, как керосиновая лампа на плечах.

Ваших душ безлиственную осень мне нравится в потемках освещать».

Вся программа вечера была выстроена в порядке появления в жизни Сергея Есенина его любимых женщин, которые вдохновляли его на написание любовной лирики, полной нежности и грубости, святости и грешности. Мать поэта - Татьяна, первая гражданская жена Анна Изряднова, вторая жена Зинаида Райх, близкие подруги Надежда Вольпин и Галина Бениславская, известная американская танцовщица Айседора Дункан, актриса Августа Миклашевская, последняя жена поэта Софья Толстая, Шаганэ Тальян – все они становились в разное время музами поэта, вдохновляя его на создание глубоких, музыкальных и красивых стихов. Каждой из этих женщин Есенин посвящал стихи, кому-то одно, а кому-то целые циклы стихов. Читая их, можно читать душу поэта и сценарий его отношений не только с женщинами, но и окружающим миром в целом:

- Сергей Есенин был всегда открыт, и этим пользовались, - говорит преподаватель школы-гимназии Вальдорфской ориентации Татьяна Никифорова, - пользовались порой не в самых лучших целях, отчего Есенин начинал пить, пытаясь забыться и хоть как-то унять свою боль. Но он никогда не писал в таком состоянии. Когда он работал, его ум был трезв и ясен, рука тверда и каждое слово, которое он записывал, позднее задевало душу каждого. Я очень рада, что сегодня прозвучало очень много стихов, которые характеризуют поэта. Хочется выразить благодарность вам за приглашение и за вечер в целом, уверена, что теперь мои ученики по-другому посмотрят на Есенина и на поэзию. А ученики и правда смотрели по-другому. Глаза школьников горели живым огнем интереса и любопытства: «А что же дальше?» А дальше фрагменты биографии сменялись стихотворениями, а стихи в свою очередь сменялись замечательным живым исполнением романсов на стихи Сергея Есенина. Замечательный гитарист - Александр Крыгин, постоянный участник и друг салона «Свеча», исполнил два романса - «Не жалею, не зову, не плачу» и «Клен ты мой опавший», а ученица школы-гимназии Вальдорфской ориентации Оксана Прутова и концертмейстер Марина Половинчева исполнили романс «Отговорила роща золотая». Не обошлось и без звезд эстрады, которые так же исполняли песни на стихи поэта. Всем гостям вечера были показаны видеоролики о жизни и творчестве Есенина, под легко узнаваемые голоса Александра Малинина - «Мне осталась одна забава», Земфиры - «Да, теперь решено без возврата», Стаса Михайлова - «Мы теперь уходим понемногу», и Сергея Безрукова - «Не бродить, не мять в кустах багряных».

Чтецы на вечере радовали гостей не только своим артистизмом, но и разнообразием выбранных стихотворений. На вечере прозвучали стихи о природе («Запели тесаные дороги», «Корова» - чит. студент института Евразия - Дмитрий Кузнецов), философская лирика («Жизнь - обман с чарующей тоскою» - чит. ученица школы-гимназии Вальдорфской ориентации Ирина Губина, «Гори, звезда моя, не падай» - Галина Самойлова), стихи о любви («Письмо женщине» и «Заметался пожар голубой» - чит. Сергей Быков, «Пой же, пой. На проклятой гитаре» - чит. Дмитрий Кузнецов, «Ты такая ж простая, как все» - Устин Комаров и др.). И если школьники и студенты выбирали и читали стихи, соответствующие их молодости и хулиганским струнам души, то старшее поколение читало стихи более глубокие, написанные Есениным в периоды душевных переживаний, стихи, в которых звучит мотив грусти, сожаления о растраченных силах. Стихи, прочитанные преподавателем ЗКГУ, кандидатом филологических наук, доцентом Опря Оксаной Викторовной («Письмо к матери») и уральской поэтессой Маргаритой Порошиной («Я спросил сегодня у менялы», «Может поздно, может слишком рано») внесли в атмосферу вечера нотку светлой грусти, которая заставила многих задуматься: пока ты молод, нужно очень много успеть сделать.

Пусть меня ласкают нежным словом,
Пусть острее бритвы злой язык,-
Я живу давно на все готовом,
Ко всему безжалостно привык.

Но и все ж, теснимый и гонимый,
Я, смотря с улыбкой на зарю,
На земле, мне близкой и любимой,
Эту жизнь за все благодарю.

- Есенина очень легко узнать по мелодичности стиха и по противоречивости, которой полны его стихи. В начале стихотворения он может ругаться бранными словами, а через пару строк на глазах выступают слезы, - рассказывает муза салона Рамеева Бэлла.

Вечер заканчивала поэма Сергея Есенина - «Черный человек», которую прочел Сергей Быков под аккомпанемент Марины Половинчевой.

Об этой поэме Сергей Быков рассказывал:

- Поэма «Черный человек» никогда не включалась в школьную программу. Черный человек - это темная сторона каждого из нас, проще говоря, это наша с вами совесть, наши страхи и переживания...

Время пролетело незаметно. Вечер подошел к концу, но никто не спешил расходиться. Пожелаем салону «Свеча» дальнейшего процветания. Пусть пламя этой свечи с каждым вечером согревает все большее количество душ.

Константин РОМАНОВ.

n *Из дневника Форума*

С 18 по 20 октября в Астане проходил Всемирный Форум духовной культуры. В обстоятельном, содержательном докладе сопредседателя Форума от Российской Федерации народного артиста И.Кобзона ставились глобальные проблемы современности. Только через формирование духовной культуры можно формировать нового человека 21-го века, избежать многих негативных факторов, «сделать мир прекрасным».

О практической реализации основных идей Всемирного Форума духовной культуры в документах 16-ой сессии Ассамблеи народов Казахстана

Астана – центр идей евразийства, место проведения съездов лидеров мировых и традиционных религии, - стала местом Всемирного Форума духовной культуры. Она объединила усилия духовных, светских личностей: известных ученых, политиков, писателей, поэтов, представителей государственных и общественных органов.

В докладах на пленарном заседании, на восьми секциях участники высказали много идей, поделились богатым опытом формирования духовной культуры.

Особую роль в организации Форума сыграл его сопредседатель от Казахстана поэт, композитор Тулеген Мухамеджанов. Он стал душой Форума.

Первая леди Казахстана С.А. Назарбаева в своем докладе говорила об уроках самопознания, которые, по словам Ш.А.Амонашвили, максимально способствуют формированию духовности. О.Сулейменов предложил по рекомендациям ЮНЕСКО знакомить с материалами Форума в школах и вузах. Группа буддистов из Непала в своеобразной форме через музыку с включением видеосюжета знакомила с посланием Форуму нового Будды.

Мусульмане, христиане, буддисты - каждый из них предлагал свой опыт формирования личности 21-го века.

Профессор ЗКГУим. М.Утемисова Р.А.Абузяров выступил с докладом на 7-й секций «Ведущие конфессии: взаимодействие в рамках возвышения Духовной Культуры». Другая секция под руководством Ш.А.Амонашвили взяла его доклад «Паритетное евразийство: духовно-нравственное воспитание учащихся и студентов на материале исламского ренессанса» в сборник Евразийского университета им. Л.Гумилева.

20 октября во второй половине дня во дворце Дружбы и согласия (Пирамида) проходила 16-сессия Ассамблеи народа Казахстана с участием делегатов Форума.

В докладе Н.А.Назарбаева, выступлениях членов АНК, делегатов Форума показывалось, как в Казахстане практически реализуются многие идеи Форума. Особенно хорошо это показал в своем выступлении Полат Буль-Буль Оглы. Рекомендации 16-ой сессии АНК об ответственности за реализацию его решения официальными лицами, начиная с председателя Совета Министров, акимов, в определенной мере относятся к рекомендациям Форума.

17 октября состоялась пресс-конференция продюсера, президента компании «Двери в Голливуд» Боб Ван Ронкеля. Он обещал снять фильм об исламском ренессансе, в основу которого будет положен материал книги об Исламском ренессансе.

Полтора месяца до Форума студенты ЗКГУ им. М.Утемисова по одному- два часа в неделю работали на занятиях по развитию речи на материале Исламского ренессанса.

После форума Р.А.Абузяров читал лекции студентам о «Всемирном Форуме духовной культуры и 16-ой сессии Ассамблеи народа Казахстана». Приведем работы студентов по этим материалам:

Стаханова Салтанат, 01104 гр. *Что мне понравилось в книге «Исламский ренессанс»? Из этой книги я узнала много нового, открыла новый мир для себя, стала смотреть на мир другими глазами. Мы сейчас далеко от дома, от родителей, от близких и друзей. Приходится очень трудно. Мы узнаем этот мир совсем другим.*

Когда были с родителями, мы ничего не знали. Но когда я изучаю эту книгу, я понимаю, что жизнь очень трудна и прекрасна. Мне трудно, но я верю в будущее, надеюсь, что будет все хорошо. Я буду учиться хорошо, добьюсь успеха, стану профессионалом, успешным человеком в этой жизни. Оправдаю надежды родителей. Когда я изучаю эту книгу, я понимаю и узнаю, что такое самовнушение, вера, надежда, этика, человечность, наука. Говорят, мусульмане террористы, убийцы, вахабисты. Но мы знаем: Ислам – мирная религия, она несет добро, веру, надежду и любовь. Изучая книгу, много узнала про жизнь нашего последнего пророка Мухаммеда, узнала, что такое аффирмация. Это слова самовнушения, слова, которые излучают добро, волшебные слова. Например, мама – самая лучшая, самая прекрасная, самая красивая. Я благодарю авторов этой книги за то, что они написали про нашу религию. Благодаря авторам этой книги мы перевоспитываем себя, узнаем много интересного про нашу религию, про пророка Мухаммеда. Эта книга излучает свет солнца, луч добра, веры. Спасибо Вам, дорогие авторы, за то, что подарили нам этот луч солнца и добра.

Из сочинения Сакена Мунбаева, 2101 гр. *Одной из задач Форума было искоренить стереотипы об Исламе. Некоторые думают, что Ислам – это терроризм, экстремизм. На мусульман клевещут, их называют террористами. Нам надо раскрыть правду об Исламе, открыть глаза как на религию мира. Все то, что мы делаем, должно исходить от сердца, наши действия должны совершаться от всей души. Разум обязан прислушиваться к сердцу, точно как и сердце должно прислушиваться к разуму. Ведь так хорошо, когда разум и сердце идут по одному направлению, плывут по одному течению. Если нами будет двигать только разум, наши поступки могут потерять смысл.*

А как мы сможем воспитать общечеловеческие понятия у человека? Я думаю через патриотизм. Любовь к Родине – мощный двигатель. Двигатель, который сможет сделать то, что не сможет сделать ни один живой человек.

Наполнение духовным содержанием материалов 16 сессии Ассамблеи народа Казахстана.

Основные мероприятия: 17-21 октября в Астане – Всемирный Форум духовной культуры и Ассамблеи народа Казахстана. До Форума 17 октября была пресс-конференция.

Боб Ван Ронкель, американский продюсер, президент компании «Двери в Голливуд», обещал снять кино об исламском ренессансе. Можно будет дублировать его на русский и казахский языки.

На Форуме духовной культуры читали и мантры.

20 октября в 4 часа началось 16 сессия Ассамблеи Народа Казахстана. Выступал Н.А.Назарбаев. Это мероприятие проходило в Пирамиде.

21 октября, в здании партии «Нур Отан» проходило совещание Ассоциации татарского и башкирского национальных культурных центров.

Форум духовной культуры. Представитель участников Форума Т.Мухамеджанов и организатор форума И.Кобзон. О.Сулейменов - представитель Казахстана в Юнеско говорил: «Мы убеждаем друг друга, а до других людей не доходит, чтобы в школах и ВУЗах всей страны на уроках истории и литературы рассказывать о форуме». В силу многих особенностей исторического развития Казахстана наша страна является полиэтническим, поликультурным, поликонфессиональным государством, подчеркнул он. Находясь на стыке цивилизаций, Казахстан играет заметную роль в сближении Востока и Запада, Европы и Азии, в сближении людей различных культур и религий. Не зря его называют и перекрестком цивилизаций.

А также на сессии обсуждали вопрос о воспитании в школах и проблемы вузовского преподавания.

В настоящее время Казахстан входит в число немногих государств мира, отличающихся огромным конфессиональным разнообразием: действуют тысячи религиозных объединений, представляющих более сорока конфессий, и все они мирно сосуществуют. Не случайно казахстанская земля становится традиционным местом религиозного взаимодействия и диалога различных мировозренческих систем. Межконфессиональное согласие должно быть, прежде всего, между основными религиями в Казахстане - исламом и христианством, это является необходимым условием дальнейшего поступательного развития нашего государства. В суверенном Казахстане заметно возрос интерес к религии как к фактору этнической культуры, носителю общечеловеческих ценностей, которым свойственны такие специфические черты, как нравственность и религиозная терпимость.

***АБУЗЯРОВ Р.А.,** доктор педагогических наук.*

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Жұбан Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай «Жұбан оқулары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткен болатын.

Ел жадынан өшпейді Жұбан ақын

Білім ордасында киелі Ақжайық топырағынан нәр алып, қияға қанат қаққан, поэзия әлемінің биік шыңдарын бағындырған, жерлес Жұбан ақынға арналған ғылыми басқосу алғы сөзін университетіміздің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбеков бастаған болатын. Бұл конференцияға Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ақұштап Бақтыгереева келіп, «Жұбан жырларындағы Әйел-ана образын» баяндаса, Қазақстан Халық Жазушысы, ақын Қайрат Жұмағалиев «Жұбанның үш ерлігін» атай кетті. Сондай-ақ, БҚМУ профессоры, өлкетанушы Жайсаң Ақбай, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Гуманитарлық зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д., профессор А.М. Мұсаев, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ профессоры, философия ғылымдарының докторы Т.Х. Рысқалиев, ф.ғ.к., БҚМУ профессоры С.Ғ. Шарабасов және басқа да ғалымдардың Жұбанның ақындық қыры, Жұбан ақынның ойшылдығы, ақын жырларының тағылымы, тәлімі, тектілігі жайындағы баяндамалары тыңдалды.

Конференцияға жиналған жоғары оқу орындарының, мектептердің ғалым-ұстаздары Жұбан ұлағаты, қазіргі филология ғылымдарының өзекті мәселелері мен қазіргі білім беру, педогогикалық-психологиялық ғылымдар көкжиегі турасында ой бөлісіп, тәжірибе алмасты.

Иә, бұл студенттер арасында өткен ғылыми-практикалық конференция болатын. Өр рухты, өнегелі ақынның әлі талай еске алу кештері мен конференциялары университет қабырғасында әлі де жалғасын табатынына сенімдіміз.

Өз тілшіміз.

Білім ордасында 17 қараша - Халықаралық студенттер күніне орай 1 курс студенттері арасында апталық думанға толы шаралар ұйымдастырылды.

2010 жылдың қараша айының 12 жұлдызында ақындық өнерді ерекше бағалайтын жандар үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 17 қараша Халықаралық студенттер күніне орай 1 курс студенттері арасында «Поэзиядағы жаңа есім» атты жазба ақындар мүшәйрасы болып өтті.

ПОЭЗИЯДАҒЫ жаңа есім

Бұл мүшәйраға университетіміздің барлық бөлімінен 1 курстың белсенді студенттері қатысқан болатын. Мереке барысында алғашқы құттықтау сөз Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім жетекшісі Мейрам Исатаев Исатайұлына беріліп, болашақ ақындарға толағай шығармашылық табыстар тіледі.

Талантты жас ақындардың шығармашылығы арқылы жастар бойындағы патриоттық сезімді ояту, студент-жастардың мәдени, рухани дамуына, шығармашылық деңгейінің өсуіне жағдай жасау, жастарды адалдыққа, бауырмалдылыққа, елсүйгіштікке, шыншылдыққа тәрбиелеу, олардың саяси сауаттылығын арттыру - мүшәйраны өткізудегі негізгі мақсат еді.

Ақындық өнер – халықтың қадір-қасиеті мен елдігінің мәңгі тот баспайтын алтын арқауы, адам бойындағы құдыреттіліктің ең асқақ көрінісі. Ал, ақын дегеніміз – адам өмірінің өзегіндегі ақындық ардың үні, жан дүние тынысы. Кеш соңында облыстық, республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жүлдегері Жансая Мусина Ғалымжанқызына сөз беріліп: «Байқауымыздың жас ақындарына қашан да ақиқаттың ақ туын көтеріп, әділет пен адалдықты тең ұстаған ғажайып сырлы өлеңдеріңіз көп болсын» деген жылы лебізін білдірді. Байқау қорытындысы желтоқсан айының басында өтетін Гала-концертте жарияланбақ.

***ЖӘҢГІРОВА Ү.,** студент.*

Эстрадалық әндер байқауы

«Ән – халықтың үні, оның ойы мен сезімі. Ол бейне бір тамшы секілді, жүрекке енеді де, жанды желпіндіреді» - дегендей, қараша айының 15 жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Халықаралық студенттер күні мерекесіне орай университеттің I курс студенттері арасында «Үздік эстрадалық ән» номинациясы бойынша байқау оздырылды.

Байқауымыздың мақсаты: жастардың мәдени дамуына, шығармашылық өсуіне жағдай жасау, талантты жастарды табу және оларға қолдау көрсету; болашақта өтетін университетішілік мерекелік шараларға белсене қатынаса алатын студенттерді және университетішілік «Студенттік көктем» фестиваліне қатысатын дарынды студенттерді анықтау; облыстық «Студенттік көктем», «Дала дарындары» және т.б. өнер байқауларына алдын ала даярлық жасау. Байқауға жеке орындаушылардың қатысуы, бірінші ән патриоттық тақырыпта, екінші кезеңде еркін тақырыптағы ән айту шараның басты шарты болатын. Байқау қатысушыларына әділ және сыни тұрғыдан Шакенова Ағипа Наурызбайқызы – («Вокал және аспаптық өнер» кафедрасының оқытушысы, қазылар алқасының төрайымы), Джантуллин Ибрагим – (Халықаралық «На Николаевский» фестивалінің «Эстрадалық әндер» номинациясы бойынша I орын, және арнайы кубок иегері), Дәулетқалиев Әйтемір – (Аймақтық «Ер жүрек Мәншүк» патриоттық әндер байқауының лауреаты) баға берді. Байқау жеңімпаздары желтоқсан айында жарияланатын болады.

XXI ғасыр студентінің талабы қандай?

2010 жылдың 6 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 17 қараша - Халықаралық студенттер күні мерекесіне орай «XXI ғасыр студентінің талабы қандай?» тақырыбындағы қала жастарының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің әлеуметтік жұмыстар жөніндегі бөлімнің бас маманы Өкшебаев Асхат Ерболатұлы, университетіміздің Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Даришева Түймеш Малбағарқызы және екі жоғары оқу орындарының белсенділері қатысты. Дөңгелек үстел мақсаты: қаламыздағы екі жоғары оқу орындарының көш бастап жүрген белсенді жастары арасында достық, бірлік қарым-қатынасты нығайту, студент-жастардың қоғамдағы рөлін арттыру, олардың жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына жол ашу. Дөңгелек үстелде жалпы XXI ғасыр студенті және оның талабы жайында сөз қозғалды. Қос білім орданың студенттік декандары мен белсенді студенттері қатысқан дөңгелек үстелде ұтымды ойлар мен ұсыныстар айтылды. Кеш соңында белсенді жастар университеттің тарихи мұражайын тамашалап, өзара пікір алмасты.

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙМЫЗ!

11 *қараша* 2010 *ж.*

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті келесі тізімге сәйкес бос қызмет орындарына доцент, аға оқытушыларды, оқытушыларды орналастыру жөнінде конкурс жариялайды.

№	Бөлімшелердің (институттардың, факультеттердің, кафедралардың) атауы	Ваканттық лауазымдар		
		Доцент	Аға оқытушы	Оқытушы
	Педагогикалық факультеті			
1	Дене тәрбиесі кафедрасы			1
	Филологиялық факультеті			
2	Тілдерді оқып-үйренудің практикалық курсы кафедрасы	1	1	
	Жаратылыстану-математикалық факультеті			
3	География кафедрасы			4
4	Биология және экология кафедрасы		1	
	Тарих және құқық факультеті			
5	ҚР тарихы кафедрасы		1	
6	Құқықтық пәндер кафедрасы			2
	Экономика және басқару институты			
7	Менеджмент және кәсіпкерлік кафедрасы		1	
8	Экономикалық теория және бизнес кафедрасы			1
	Мәдениет және өнер институты			
9	Музыкалық білім беру кафедрасы		1	1
10	Көркем-қолданбалы өнер және кәсіптік білім беру кафедрасы			1
11	Вокал және аспаптық өнер кафедрасы			1
	Барлығы:	**1**	**5**	**11**

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ:

доцент үшін:

- жоғары білімі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, PhD (философия докторы) академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық қызметтегі 5 жылдан кем емес, соның ішінде аға оқытушы қызметіндегі 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- соңғы 3 жыл ішінде ғылыми басылымдарда жарияланған 3 жұмысы, ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі Комитетімен ұсынылған, 2 басылым беттен кем емес көлемдегі;

аға оқытушы үшін:

- жоғары кәсіби білімі және магистр академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық қызметтегі 3 жылдан кем емес, соның ішінде оқытушы қызметінде немесе мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- соңғы 3 жыл ішінде ғылыми басылымдарда жарияланған 3 жұмысы, ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі Комитетімен ұсынылған, 1,5 басылым беттен кем емес көлемдегі;

оқытушы үшін:

- жоғары кәсіби білімі немесе магистр академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық қызметтегі 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

Ізденушілердің ұсынатын құжаттарының тізімі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарына орналасу конкурсын өткізу ережелеріне сәйкес хабарландыру басып шығарылған күннен бастап 1 айда тапсырылады.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ қызметкерлері үшін:

- университет ректоры атына жазылған өтініш, ғылыми еңбектері мен өнертабыстарының тізімі, кафедра меңгерушісінің қолы қойылған мінездеме, кафедра мәжілісі хаттамасының көшірмесі.

Ескертулер: конкурсқа жіберіледі:

- диплом қосымшасында 1-ден артық «қанағаттанарлық» бағасы болмайтын тұлғалар.
- МАБ қорытындысы бойынша пәннен студенттерінің 7 пайыздан кемі «қанағаттанарлықсыз» бағаға ие болған тұлғалар.

Конкурсқа қатысуға тілек білдіруші тұлғалар үшін:

- университет ректорының атына жазылған өтініші, ғылыми еңбектері мен өнертабыстарының тізімі, соңғы жұмыс орнынан берілген мінездеме, алдын ала кепілдемелерімен М.Өтемісов атындағы БҚМУ кафедрасы мәжілісінің хаттамасынан көшірме.

АНЫҚТАМА АЛУ ҮШІН МЫНА МЕКЕН-ЖАЙҒА ХАБАРЛАСУҒА БОЛАДЫ:

090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы, Достық даңғылы, 162, 107 кабинет
Байланыс телефоны: 8 (7112) 50-86-11

ОБЪЯВЛЯЕМ КОНКУРС!

11 *ноября* 2010 *г.*

Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова объявляет конкурс на замещение вакантных должностей доцентов, старших преподавателей, преподавателей:

№	Наименование подразделения (факультеты, кафедры)	Вакантные должности		
		Доцент	Старший преподаватель	Преподаватель
	Педагогический факультет			
1	Кафедра физвоспитания			1
	Филологический факультет			
2	Кафедра практического курса изучения языков	1	1	
	Естественно-математический факультет			
3	Кафедра географии			4
4	Кафедра биологии и экологии		1	
	Факультет истории и права			
5	Кафедра истории РК		1	
6	Кафедра правовых дисциплин			2
	Институт экономики и управления			
7	Кафедра менеджмента и предпринимательства		1	
8	Кафедра экономической теории и бизнеса			1
	Институт культуры и искусства			
9	Кафедра музыкального образования		1	1
10	Кафедра художественно – прикладного искусства и профобразования			1
11	Кафедра вокала и инструментального искусства			1
	Итого:	**1**	**5**	**11**

КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ:

для доцента:

- высшее образование, наличие ученой степени, ученого звания, академической степени доктора PhD (доктора философии), стаж работы не менее 5 лет научно-педагогической деятельности, в том числе не менее 1 года на должности старшего преподавателя;
- опубликовавшие за последние 3 года не менее 3–х статей в научных журналах, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки РК, в зарубежных научных журналах, объемом не менее 2 печатных листов;

для старшего преподавателя:

- высшее профессиональное образование или наличие академической степени магистра, стаж работы не менее 3-х лет научно-педагогической деятельности, в том числе не менее 1 года в должности преподавателя или стаж педагогической работы по специальности не менее 2-х лет;
- опубликовавшие за последние 3 года не менее 3–х статей в научных журналах, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки РК, в зарубежных научных журналах, объемом не менее 1,5 печатных листа;

для преподавателя:

- высшее профессиональное образование или наличие академической степени магистра, стаж педагогической работы не менее 1 года;

Документы соискателей предоставляются в соответствии с утвержденными Правилами проведения конкурса замещения должностей научно – педагогического персонала Западно – Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова не позднее 1 месяца со дня опубликования объявления.

Для лиц, работающих в ЗКГУ им. М. Утемисова:

- заявление на имя ректора университета, список научных трудов и изобретений, характеристику, подписанную заведующим кафедрой, выписку из протокола заседания кафедры.

Примечание: конкурсу допускаются лица, имеющие:

- не более 1 оценки «удовлетворительно» в приложении к диплому;
- по результатам ПГК, менее 7% студентов, получивших по дисциплине оценки «неудовлетворительно».

Для лиц, желающих принять участие в конкурсе:

- заявление на имя ректора университета, список научных трудов и изобретений, характеристику с последнего места работы, выписку из протокола заседания кафедры ЗКГУ им. М. Утемисова с предварительной рекомендацией.

ЗА СПРАВКАМИ ОБРАЩАТЬСЯ ПО АДРЕСУ:

090000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область,
г. Уральск, пр. Достык, 162, кабинет 107
Контактный телефон: 8 (7112) 50-86-11